

Оқушылардың  
оқу жетістіктерін  
критериалды  
бағалаудың  
қолданыстағы  
жүйесін зерттеу  
нәтижелері бойынша  
**АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕП**

.....

**АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОТЧЕТ**  
по результатам  
исследования  
действующей системы  
критериального  
оценивания учебных  
достижений школьников



**ALTYSARIN  
AKADEMIASY**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ыбырай  
Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН  
КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ  
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЖҮЙЕСІН ЗЕРТТЕУ  
НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША АНАЛИТИКАЛЫҚ  
ЕСЕП

Астана, 2023 ж.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2023 жылғы 12 мамырдағы №2 хаттама).

Рекомендовано к изданию Научно-методическим советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №2 от 12 мая 2023 года).

**Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың қолданыстағы жүйесін зерттеу нәтижелері бойынша аналитикалық есеп** – Астана қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 162 б.

**Аналитический отчет по результатам исследования действующей системы критериального оценивания учебных достижений школьников** – город Астана: Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, Астана, 2023. – 164 стр.

Бұл аналитикалық есепте оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың қолданыстағы жүйесін кешенді зерттеу нәтижелері қамтылған. Критериалды бағалауды жүзеге асырудың тиімділігіне әсер ететін факторларға қатысты еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің оқушылары, мұғалімдері мен басшыларының пікірлеріне талдау жасалынды. Сондай-ақ аналитикалық есепте сыныпта бағалау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша атаулы ұсынымдар бар.

Есеп орта білім беру ұйымдарының басшыларына, мұғалімдер мен әдіскерлерге ұсынылады.

Настоящий аналитический отчет содержит результаты комплексного исследования действующей системы критериального оценивания учебных достижений школьников. Представлен анализ мнений обучающихся, педагогов и руководителей общеобразовательных школ страны касательно факторов, влияющих на эффективность реализации критериального оценивания. Аналитический отчет также содержит адресные рекомендации по дальнейшему совершенствованию системы внутриклассного оценивания.

Отчет рекомендован администрации организаций среднего образования, педагогам и методистам.

© Ы.Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2023  
©Национальная академия образования  
имени И. Алтынсарина, 2023

## ҚҰРЫЛЫМЫ

КІРІСПЕ.....	8
ҚЫСҚАША СИПАТТАМА .....	9
ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.....	15
Зерттеудің мақсаты .....	18
Зерттеу міндеттері.....	18
Зерттеу құралдары .....	20
ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ.....	27
ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	38
ҚОРЫТЫНДЫ .....	116
ҰСЫНЫМДАР.....	125
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	130
ҚОСЫМША .....	134

## СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

1-сурет. Қазақстан мектептеріндегі критериалды бағалаудың құрылымы .....	16
2-сурет. Сауалнамаға қатысқан оқушылар туралы жалпы ақпарат / %.....	39
3-сурет. Сауалнамаға қатысқан оқушылар туралы жалпы ақпарат / тұратын аймақтары / адам. ....	40
4-сурет. Оқушылардың «Сен бағалауға қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?» сұрағына жауаптары/ % .....	41
5-сурет. Оқушылардың «БЖБ, ТЖБ және ФБ қаншалықты пайдалы?» деген сұраққа жауаптары / %	43
6-сурет. Оқушылардың «БЖБ, ТЖБ және ФБ қаншалықты пайдалы?» деген сұраққа жауаптары /оқыту тілі / %.....	43
7-сурет. «БЖБ, ТЖБ және ФБ қаншалықты пайдалы?» деген сұраққа жауаптары: /Оқыту сыныптары/ %.....	44
8-сурет. «БЖБ, ТЖБ және ФБ қаншалықты пайдалы?» деген сұраққа жауаптары /Оқу үлгерімі/ %....	45
9-сурет. Оқушылардың «Сен сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?» сұрағына жауаптары / % .....	46
10-сурет. Оқушылардың «Сен сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?» сұрағына жауаптары/оқыту тілі/ %.....	47
11-сурет. Оқушылардың «Сенің мектебінде БЖБ мен ТЖБ қатаң түрде өткізіле ме?» сұрағына жауаптары/ % .....	58
12-сурет. Оқушылардың «Сен әдетте мұғалімдерден кері байланысты қандай түрде аласың?» сұрағына жауаптары/ % .....	59
13-сурет. Оқушылардың «Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын орындау нәтижелері бойынша мұғалімдерден әдетте қандай ауызша және / немесе жазбаша түсініктемелер аласыз?» сұрағына жауаптары / % .....	59
14-сурет. Оқушылардың «Сіз формативті бағалау шеңберінде өзін-өзі бағалауды және өзара бағалауды қалай жүргізу керектігін білесіз бе?» сұрағына жауабы / %.....	62
15-сурет. Оқушылардың «Сабақта өзара бағалау мен өзін-өзі бағалау қаншалықты жиі өткізіледі?» сұрағына жауаптары / % .....	62
16-сурет. Оқушылардың «Сенің жұмысыңның өзіндік бағасы (өзін-өзі бағалау) қойылатын қорытынды бағамен (мұғалімнің қойған бағасымен) қаншалықты жиі сәйкес келеді?» сұрағына жауаптары / % .....	63
17-сурет. Оқушылардың «Сабақтарда өзара бағалау қандай формада жиі жүргізіледі?» сұрағына жауаптары/ % .....	63
18-сурет. Оқушылардың «Өз жұмысыңды және сыныптастарыңның жұмысын бағалауда қандай қиындықтар туындайды?» сұрағына жауаптары/ %.....	64
19-сурет. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдер туралы жалпы ақпарат / %.....	65
20-сурет. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдер туралы жалпы ақпарат/ .....	66
21-сурет. Мұғалімдердің «Критериалды бағалау Сізге төменде көрсетілген әрекеттер бойынша көмектеседі деп ойлайсыз ба?» сұрағына .....	68
22-сурет. Мұғалімдердің «Өзіңіздің критериалды бағалау бойынша дағдыларыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптары / % .....	69
23-сурет. Мұғалімдердің «Өзіңіздің критериалды бағалау бойынша дағдыларыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптары /біліктілік санаты/ % .....	70
24-сурет. Мұғалімдердің «Өзіңіздің критериалды бағалау бойынша дағдыларыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптары /мектептің орналасқан жері/ % .....	71
25-сурет. Мұғалімдердің «Өзіңіздің критериалды бағалау бойынша дағдыларыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптары /сыныптарды оқыту тілі/ % .....	72
26-сурет. Мұғалімдердің «Бөлімнің/тоқсанның жиынтық бағалауына қатысты келесі әрекеттер Сізге қиындық тудырады ма?» сұрағына жауаптары / % .....	74

27-сурет. «Бөлімге/тоқсанға жиынтық бағалауды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты іс-әрекеттер олар үшін қиындықтар туғызбайды» деп жауап берген педагогтердің үлесі / біліктілік санаты / % .....	77
28-сурет. «Бөлімге/тоқсанға жиынтық бағалауды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты іс-әрекеттер олар үшін қиындықтар туғызбайды» деп жауап берген педагогтердің үлесі / оқыту тілі / % .....	80
29-сурет. Мұғалімдердің «Формативті (күнделікті) бағалауға қатысты келесі әрекеттер Сізге қиындық тудырады ма?» сұрағына жауаптары/ % .....	85
30-сурет. Формативті бағалауды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты іс-әрекеттер олар үшін қиындықтар туғызбайды деп жауап берген педагогтердің үлесі / біліктілік санаты / % .....	87
31-сурет. Формативті бағалауды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты іс-әрекеттер олар үшін қиындықтар туғызбайды деп жауап берген педагогтердің үлесі / оқыту тілі/ %.....	91
32-сурет. Мұғалімдердің «Сіздің мектебіңізде ТЖБ - ны өткізудің алдында және өткізгеннен кейін қандай іс-шаралар өткізіледі?» сұрағына .....	96
33-сурет. Мұғалімдердің «Сіздің мектебіңізде тиімді модерацияны жүргізудің келесі шарттары орындалды ма?» сұрағына жауаптары / %.....	97
34-сурет. Мұғалімдердің «Сізге әдістемелік қолдау немесе критериалды бағалау бойынша біліктілікті арттыру курстары қажет пе? Егер қажет болса, қандай бағыттар бойынша?» сұрағына жауаптары / %.....	98
35-сурет. Мұғалімдердің «Сіз критериалды бағалау бойынша біліктілікті арттырудың қандай түрлерін ең тиімді деп санайсыз?» сұрағына жауаптары / %.....	99
36-сурет. Бағалау бойынша біліктілікті арттыру курстарының пайдалылығына қатысты педагогтердің жауаптары (соңғы 3 жылда осы курстардан өткендердің арасынан) / % .....	100
37-сурет. Сауалнамаға қатысқан басшылар туралы жалпы ақпарат / % .....	103
38-сурет. Сауалнамаға қатысқан мектеп басшылары туралы жалпы ақпарат / тұратын өңірлері / адам.....	104
39-сурет. Мектеп басшыларының « Критериалды бағалау жүйесін енгізгеннен кейін, мектеп басшысы ретінде Сізге мұғалімдердің жұмысының тиімділігін бақылау оңайырақ болды ма?» сұрағына жауаптары / % .....	105
40-сурет. Мектеп басшыларының «Критериалды бағалау мұғалімдерге келесі әрекеттерде көмектеседі ме?» сұрағына жауаптары /%.....	106
41-сурет. Мектеп басшыларының «Критериалды бағалауды жүзеге асыруда Сіздің мектебіңіздегі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалай бағалайсыз?» сұрағына жауабы /%.....	107
42-сурет. Мектеп басшыларының «Қазіргі уақытта Сіздің мектебіңіздегі мұғалімдердің қандай бөлігіне критериалды бағалау бойынша біліктілікті арттыру курстары қажет деп ойлайсыз?» сұрағына жауаптары/ % .....	108
43-сурет. Мектеп басшыларының «Мұғалімдер арасында критериалды бағалау дағдыларын арттыру бойынша іс-шаралар Сіздің мектебіңіздің ішкі құжаттарына (стратегиялар, жоспарлар және т.б.) енгізілген бе?» сұрағына жауаптары / %.....	110
44-сурет. Мектеп басшыларының «Сіздің ойыңызша, Сіздің мектебіңіздің мұғалімдеріне формативті (күнделікті) бағалауды жүзеге асыру қиындық тудырады ма?» сұрағына жауаптары/% .....	111
45-сурет. Мектеп басшыларының «Сіздің мектебіңіздегі формативті бағалауды жүзеге асырудағы қандай қиындықтарды атап өтуге болады?» сұрағына жауаптары / %.....	113
46-сурет. Мектеп басшыларының «Сіздің мектебіңізде критериалды бағалауды тиімді жүзеге асыруға қандай факторлар кедергі келтіреді деп ойлайсыз?» сұрағына жауаптары / %.....	115

## КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ

1-кесте. Білім беру тәжірибесіндегі бағалауды жүзеге асырудағы қиындықтар .....	35
2-кесте. Бағалауды теориялық қамтамасыз етудегі қиындықтар.....	36
3-кесте. Оқушылардың «Сен сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?» сұрағына жауаптары/мектептің орналасқан жері/ % .....	49
4-кесте. Оқушылардың «Сен сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?» сұрағына жауаптары/оқыту сыныптары/ % .....	51
5-кесте. Оқушылардың «Сен сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?» сұрағына жауаптары/оқу үлгерімі/ %.....	54
6-кесте. Мұғалімдердің «Бөлімнің/тоқсанның жиынтық бағалауына қатысты келесі іс-әрекеттер Сізге қиындық тудырады ма?» сұрағына жауаптары/ мектептің орналасқан жері / % .....	78
7-кесте. Мұғалімдердің «Формативті (күнделікті) бағалауға қатысты келесі әрекеттер Сізге қиындық тудырады ма?» сұрағына жауаптары/мектептің орналасқан жері/ % .....	88

## ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

**Критериалды бағалау** – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесі

**Бағалау өлшемшарттары** – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгі

**Жиынтық бағалау** – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі

**Модерация** – бағалаудың объективтілігін және айқындығын қамтамасыз ету үшін балдарды қоюды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмысын талқылау процесі

**Формативті бағалау** – сыныптағы күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқу барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, білім алушы мен педагог арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді

**Дескриптор** – тапсырманы орындау үшін нақты әрекеттерді сипаттайтын және белгілі бір баллдық салмағы бар сапалық сипаттама

**Рубрика** – бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейлерін сипаттау тәсілі

**Кері байланыс** - бұл оқу үдерісінің бөлігі ретінде мұғалім мен білім алушы арасында екіжақты ақпарат алмасу үдерісі. Кері байланыс білім алушының оқудың қай кезеңінде екендігі, нәтижеге қалай жететіні және кемшіліктерді түзету үшін не істеу керектігі туралы ақпарат береді

**Рефлексия** – қайта ойлауға және өз әрекетінің нәтижелеріне талдау жасауға, өзін-өзі тануға бағытталған ойлау үдерісі



## ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

**МЖБС**

Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

**ҚР ОА**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

**ҰБА**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

**ЕББҚ**

Ерекше білім беру қажеттіліктері

**ЭЫДҰ**

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

**ҚР**

Қазақстан Республикасы

**БЖБ**

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау

**ТЖБ**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау

**ББ**

Білім басқармасы

**ФТП**

Фокус-топтық пікірталас

## КІРІСПЕ

Соңғы онжылдықтардағы әлеуметтік-мәдени, саяси және экономикалық өзгерістер әлемнің білім беру жүйелерінің өзгеруіне әкелді. Осылайша, оқытудың негізгі мақсаты ретінде пәндік білімнен функционалдық сауаттылықты, сыни және креативті ойлауды дамытуға баса назар аудару әлемдік үрдіске айналды. Бұл өз кезегінде білім беру мазмұнының өзгеруіне ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесіне де әкелді.

Осыған байланысты сыныпта бағалаудағы жүйелік өзгерістер оқытудың тиімділігі мен нәтижелеріне қалай әсер ететінін өлшейтін кешенді елдік зерттеулер жүргізу маңызды болып табылады. Сонымен қатар, білім беру саясатын іске асырудың мәселелік сұрақтары арасында білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастық көптеген елдерде бағалау саласындағы реформалардың нәтижелерін қадағалау жүйесінің жетілмегендігін немесе жоқтығын атап өтті (*IEA, 2019*).

Қазақстанда жаһандық үрдістерді ескере отырып, білім беру жүйесін жетілдіру жолындағы қисынды қадам 2016 жылдан бастап критериалды бағалауды енгізу болды. Қолданыстағы бағалау жүйесі білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші ретінде ғана емес, сонымен қатар білім беру үдерісін уақтылы түзету және оқыту тиімділігін арттыру үшін оқу жетістіктерінің динамикасын бақылаудың қуатты құралы ретінде қызмет етеді. Қазақстанның критериалды бағалауға көшуін ЭЫДҰ сарапшылары жалпы білім беру жүйесін жаңғырту жолындағы оң қадам деп санайды.

Бұл ретте осы уақытқа дейін мектептерде оны іске асырудың тиімділігіне әсер ететін факторларды талдай отырып, бағалау жүйесіне кешенді зерттеу жүргізілген жоқ. Осыған байланысты Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА білім алушылар, педагогтер және мектеп әкімшілігі арасынан 3000-нан астам респонденттерге сауалнама жүргізіп, педагогикалық жұртшылықпен фокус-топтық пікірталастар сериясын өткізді. Бұл зерттеу қорытындылары бойынша есепте сыныпта бағалау жүйесінің ағымдағы жағдайына, мектептерде оны іске асырудың ерекшеліктеріне, қиындықтары мен перспективаларына кешенді талдау жасалып, сондай-ақ, оны одан әрі жетілдіру бойынша атаулы ұсынымдар мен ұсыныстар қамтылған.

# ҚЫСҚАША СИПАТТАМА

## БІЛІМ АЛУШЫЛАР

→ Сауалнамаға қатысқан мектеп оқушыларының көпшілігі бағалау олардың барлық сабақтарда оқу үдерісіне қатысуына оң әсер етеді деп есептейді. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан оқушылардың кейбірі (22%-28%) олардың білім үлгерімін өлшеу, оқу үлгерімін арттыру және оқуға деген ынтасын арттыру үшін критериалды бағалаудың тиімділігін жоғары бағалайды, бірақ барлық оқу пәндері бойынша емес, тек кейбіреулері бойынша. Мұндай нәтижелер мұғалім рөлінің маңыздылығын көрсетеді: оқушылардың бағалауға қатысу деңгейі көбінесе мұғалімнің өз сабақтарында бұл үдерісті қалай ұйымдастыратынына байланысты.

→ Критериалды бағалауды жүзеге асырудағы мұғалімнің тағы бір маңызды міндеті – оқушыға пән бойынша оның мықты және әлсіз жақтарын анықтау және жеткізу болып табылады. Сонымен қатар, әрбір үшінші оқушы (33%) жиынтық және формативті бағалауды «жалпы пайдалы» деп санайды, бірақ олар әрдайым пәндер бойынша мықты және әлсіз жақтарын түсінуге мүмкіндік бермейді деп есептейді.

→ Оқушылардың көпшілігі барлық оқу пәндері бойынша критериалды бағалауда өздерінің оқу-ұйымдастыру дағдыларын салыстырмалы түрде жоғары бағалайды. Атап айтқанда, оқушылардың 70% - ы барлық сабақтарда сабақтың тақырыбы бойынша өздерінің мықты және әлсіз жақтарын түсінетінін, 68% - ы сабақтың мақсаттары мен міндеттерін әр пән бойынша түсінетінін, сондай-ақ күрделі тақырыптар бойынша білімдерін жетілдіру үшін қандай әрекеттер жасау керектігін білетіні туралы атап өтті.

→ Сонымен қатар, оқушылардың үштен бір бөлігі (31% -32%) сабақтың мақсаттары мен міндеттерін, бағалау өлшемшарттарын түсінетінін және бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен салыстыра алатынын, бірақ барлық сабақтарда емес, тек кейбіреулерінде ғана деп жауап берді. Оқушылардың сабақтың мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ бағалау өлшемшарттары туралы түсінігіндегі олқылықтар тақырыпты меңгеру сапасына және оқушылардың жалпы үлгеріміне теріс әсер етуі мүмкін. Бұл бағалау үдерісі ашық және түсінікті болуы керектігін көрсетеді, өйткені ол оқушыларға өздеріне жүктелген міндеттерді нақты түсінуге мүмкіндік береді.

→ Оқушылардың жасы неғұрлым үлкен болса, олардың арасында жиынтық және формативті бағалауды пайдалы деп санамайтындар саны соғұрлым көп болады (төртінші сынып оқушылары – 9,7%, оныншы сынып оқушылары – екі есе көп). Сондай-ақ, кіші буын оқушылары орта және жоғары буын оқушыларымен салыстырғанда өздерінің барлық сабақтарда бағалау

үдерісінде оқу-ұйымдастыру дағдыларын түсіну және қолдану деңгейін жоғары деп бағалайды. Мұндай нәтижелер жоғары сыныптарда формативті және жиынтық бағалау жүргізу сапасын күшейту қажеттілігін көрсетеді.

→ Бағалауға деген көзқарасқа оқушылардың үлгерімі әсер етеді: үздік оқушылардың 90,6% - ы («5») бағалауды өте немесе жалпы пайдалы деп санайды, ал үлгерімі төмен оқушылар арасындағы («3») респонденттердің тек 70,1% - ы солай жауап берді. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың мектептегі бағалары тұрғысынан алғанда, оқу үлгерімі неғұрлым төмен болса, оқушылар соғұрлым сабақтың мақсаттарын, бағалау өлшемшарттарын түсінуде, бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен салыстыруда, өздерін және сыныптастарын бағалауда, сабақ тақырыбы бойынша мұғалімнің сұрақтарына жауап беруде, сабақтың тақырыбы бойынша өздерінің мықты және әлсіз жақтарын түсінуде және т. б. бағыттарда жиі қиындықтар кездестіреді. Осылайша, үлгерімі төмен оқушылар арасында оларды бағалаудың әртүрлі әдістеріне, нысандары мен стратегияларына көбірек тарту арқылы оқуға деген ынтасын арттыру маңызды.

→ Кері байланыс әр оқушының білім беру траекториясын түзетудің тиімді құралы болып табылады, сондықтан мұғалімдерге сындарлы кері байланыс беру маңызды. Сауалнамаларға сәйкес, оқушылардың көпшілігі (71%) негізінен мұғалімдердің кері байланысы ауызша түсініктеме, 39% жазбаша түсініктеме ретінде болатынын атап өтті. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың төрттен бір бөлігі (24%) мұғалімнің қосымша түсініктемесіз негізінен ұпайлар мен бағалар түрінде кері байланыс алады. Оқушылардың жауаптарына сәйкес кері байланыстың ең аз таралған түрі – рубрикалар (16%).

→ Өз жұмыстары мен сыныптастарының жұмысын бағалау оқушыларға өз үлгерімін талдауға, қателіктердің себебін және оларды жою жолдарын табуға мүмкіндік береді. Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың көпшілігі өзін-өзі бағалау (66%) және өзара бағалау (63%) дағдыларын жоғары бағалайды. Сауалнамаға қатысқандардың төрттен бірінен астамы (27%) ішінара өзін - өзі бағалау және өзара бағалау дағдылары бар деп жауап берді. Сабақтарда өзін - өзі бағалау және өзара бағалау жиілігіне келетін болсақ, оқушылардың жартысынан аз бөлігі (44%) бұл бағалау әдістері сабақтарда жиі жүргізілетінін атап өтті.

→ Өзін - өзі бағалау және өзара бағалау кезінде білім алушылар арасында ең көп кездесетін қиындық – өз жұмысында және сыныптастарының жұмысында қателіктер табу (41%). Жалпы, әрбір бесінші оқушы (19%) өзін - өзі және өзара бағалауды жүзеге асыруда қиындықтар жоқ деп жауап берді.

## ПЕДАГОГТЕР

→ Көптеген мұғалімдердің пікірінше, критериалды бағалауды енгізу бағалау үдерісін едәуір жақсартып, оны объективті және ашық ете түсті. Педагогтердің едәуір үлесі (80%) бағалау оларға білім алушылардың оқуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға, олардың білім жетістіктерін объективті бағалауға және оқу бағдарламасын меңгерудегі үлгерімін бақылауға көмектеседі деп есептейді.

→ Мұғалімдердің көпшілігі (шамамен 70%) өздерінің формативті және жиынтық бағалау дағдыларын жоғары бағалайды.

→ Сонымен бірге, сауалнамаға қатысқан әрбір жетінші мұғалім (14%) жиынтық бағалауды тиімді жүзеге асырамын деп санайды, бірақ формативті бағалауды жүзеге асыруда қиындықтарға тап болады. Атап айтарлығы, күнделікті бағалау критериалды бағалау жүйесінің негізгі элементі болып табылады, оның ұйымдастырылу сапасына жиынтық бағалау нәтижесі де байланысты.

→ Жоғары санатты мұғалімдер өздерінің жиынтық және формативті бағалау дағдыларына сенімдірек болып келетіні анықталды. Осылайша, төрт педагог-шеберлер мен педагог-зерттеушілердің ішіндегі үшеуі (75%) критериалды бағалауды тиімді жүзеге асырып жатырмыз деп жауап берді. Ал «педагог» санаты бар мұғалімдер арасындағы көрсеткіш төмен және тек 64% құрады.

→ Формативті және жиынтық бағалауды жүргізу аясында мұғалімдердің ең көп кездестіретін қиындықтары ЕББҚ бар оқушыларды бағалауда екені анықталды. Осылайша, сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің жартысы әртүрлі дәрежеде (ішінара – 25,1%, толық көлемде – 24,5%) ЕББҚ бар білім алушылар үшін БЖБ немесе ТЖБ үшін оқу мақсаттарын таңдау және бейімдеу кезінде қиындықтар кездестіретін атап өтті.

→ Мұғалімдердің жартысы жоғары дәрежелі дағдыларды бағалау бойынша БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын дайындауда қиындықтарға тап болғанын атап өтті (ішінара – 26,9%, толық көлемде – 23,5%). Формативті бағалау бойынша осындай күрделі тапсырмаларды құрастыруға келетін болсақ, мұғалімдердің жартысынан көбі (ішінара – 29,1%, толық көлемде – 24,5%) әртүрлі деңгейдегі қиындықтарды кездестіретіні туралы айтты.

→ Респонденттердің 44% - дан астамы формативті және жиынтық бағалау аясында бағалау рубрикаларын жасау кезінде әртүрлі дәрежедегі қиындықтарды (ішінара немесе толық көлемде) кездестіретінін мәлімдеді.

→ Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 40% - ға жуығы бағалау өлшемшарттары мен БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу, бағалау

өлшемшарттарын дескрипторлармен және тапсырмалармен сәйкестендіру, сондай-ақ модерация жүргізу кезінде ішінара немесе толықтай қиындықтар кездестіреді.

→ Формативті бағалау аясында мұғалімдердің 38% - ы оқу бағдарламасының мақсаттарын сабақтың мақсаттарына түрлендіруде, 46% - ы сабақтың мақсаттарына сәйкес бағалау өлшемшарттарын әзірлеуде, 42% - ы бағалау өлшемшарттарына сәйкес дескрипторларды дайындауда, сондай-ақ білім алушыларға сапалы кері байланыс беруде қиындықтарға тап болады.

→ Қазақ тілінде оқитын сыныптарда сабақ беретін педагогтер жалпы алғанда жиынтық және формативті бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша түрлі іс-әрекеттерді жүзеге асыруда қиындықтарға тап болады.

→ Алынған нәтижелер мұғалімдерге келесі іс-әрекеттерді орындау бөлігінде қосымша әдістемелік қолдау қажет екенін көрсетеді: ЕББҚ бар білім алушылар үшін БЖБ/ТЖБ бойынша оқу мақсаттарын таңдау және бейімдеу, жоғары тәртіп дағдыларын бағалауға ТЖБ және БЖБ тапсырмаларын жасау, бағалау рубрикаларын жасау және т.б.

→ Педагогтер модерация жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау бойынша өз мектептерінің мықты жақтарын жоғары бағалайды (балл қоюды стандарттау мақсатында ТЖБ бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылау үдерісі). Мысалы, мұғалімдердің көпшілігі өз мектептерінде ынтымақтастық мәдениеті (85%), ашық және толық коммуникация (82%), ұжымда кәсіби қолдау (81%) және әдістемелік бірлестік басшысының көмегі (80%) сақталғанын атап өтті.

→ Сауалнама барысында әдістемелік қолдау немесе критериалды бағалау бойынша біліктілікті арттыру курстарында мұғалімдердің ағымдағы қажеттіліктері анықталды. Осылайша, мұғалімдердің пікірінше, оқу бағдарламасының мақсаттарын сабақтың мақсаттарына түрлендіру (36%), жиынтық бағалау үшін тапсырмалар жасау (31%) және жоғары дәрежелі дағдыларды өлшеу (30%), сондай-ақ бағалау өлшемшарттары мен дескрипторларды әзірлеу (23%) бойынша ең үлкен әдістемелік көмек қажет.

→ Соңғы 3 жылда критериалды бағалау саласында біліктілікті арттыру курстарынан өткен 4 педагогтің 3-і (74%) оларды пайдалы деп санайды және алған білімдері мен бағалау дағдыларын өз жұмысында пайдаланады.

## МЕКТЕП БАСШЫЛАРЫ

→ Критериалды бағалау мұғалімдер жұмысының тиімділігін талдау үшін үлкен маңызға ие. Басшылардың жартысынан көбі (55%) мектептерде критериалды бағалау жүйесі енгізілгеннен кейін оларға мұғалімдердің жұмысының тиімділігін қадағалау оңайырақ бола түскенін атап өтті. Өз кезегінде, басшылардың үштен бірі (33%) критериалды бағалау енгізілгеннен кейін педагогтердің жұмыс тиімділігін қадағалау оларға ішінара ғана жеңілдегенін атап өтті.

→ Мектеп басшылары білім беру үдерісіндегі критериалды бағалаудың рөлін жоғары бағалайды. Осылайша, мектеп басшыларының 80% - дан астамы критериалды бағалау мұғалімдерге оқушылардың оқуға деген оң көзқарасы мен уәждемесін қалыптастыруға, олардың оқу жетістіктерін объективті және ашық бағалауға, оқу бағдарламасын меңгерудегі үлгерімін бақылауға, білімдегі олқылықтарды уақтылы түзетуге мүмкіндік береді деп санайды.

→ Сонымен қатар, критериалды бағалау олардың мектебінің мұғалімдеріне жеке кәсіби өсуге қол жеткізуге көмектеседі деп жауап берген сауалнамаға қатысқан директорлар мен оқу меңгерушілерінің үлесі 71% - дан төмен. Әрбір бесінші (21%) басшы критериалды бағалау бұған ішінара көмектеседі деп жауап берді.

→ Мектеп басшыларының 41% - ы өз мектебінің мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін жоғары бағалайды. Бұл олардың мұғалімдер оқушылардың оқу жетістіктерін сапалы бағалайды деген сенімін көрсетеді. Сонымен қатар, басшылардың жартысы өз мектебінің мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін орта деңгейде бағалайды. Осылайша, олар мұғалімдер критериалды бағалауды әртүрлі деңгейде жүзеге асырады деп санайды: біреуі жақсы, біреуі жақсы емес. Мұндай нәтижелер бағалау саласындағы кәсіби дамуда мұғалімдерге жүйелі және тұрақты қолдау көрсетудің маңыздылығын көрсетеді.

→ Респонденттердің көпшілігі (40%) бағалау саласындағы біліктілікті арттыру курстары өз мектебінің мұғалімдерінің 20% -30% қажет деп жауап берді. Директорлардың төрттен бір бөлігі (24%) өз мектебінің мұғалімдерінің тек 10% немесе одан да аз бөлігі бүгінгі күнге дейін бағалау бойынша біліктілікті арттыру курстарына қатысуы керек деп санайды. Респонденттердің ұқсас бөлігі (23%) бағалау курстары өз мектебінің мұғалімдерінің жартысына жуық бөлігіне (40% - дан 50% - ға дейін) қажет деп есептейді.

→ Осылайша, сауалнама нәтижелерін ескере отырып, мектеп директорлары онлайн және офлайн біліктілікті арттыру курстары түрінде

тиісті қолдау көрсету үшін бағалау бойынша қосымша білімді қажет ететін педагогтердің дәрежесін анықтау үшін үнемі мониторинг және талдау жұмыстарын жүргізуі керек. Сонымен қатар, тәжірибесі аз әріптестерді тәлімгерлікке және оқытуға мықты мұғалімдерді тарту мақсатында мектепішілік және мектепаралық деңгейлерде кәсіби өзара іс-қимылды күшейту маңызды.

→ Мектеп басшыларының басым көпшілігі (96%) өз мектептерінің педагогтері арасында бағалау дағдыларын арттыру жөніндегі іс-шаралар мектептің ішкі құжаттарына енгізілгенін атап өтті. Ішкі құжаттарда мұғалімдердің бағалау дағдыларын арттыру бойынша іс-шаралардың болуы білім беру ұйымдары өз мұғалімдері арасында бағалау дағдыларын сақтауға және дамытуға күш салатынын көрсетеді.

→ Критериалды бағалауды тиімді жүзеге асыруға кедергі келтіретін факторлардың ішінде мектеп басшылары: оқушылар мен ата-аналардың критериалды бағалау қағидаларын түсінудегі қиындықтарды (39%), бір мұғалімге шаққандағы сыныптағы оқушылардың көп санын (31%), үлгерімі мен білім беру қажеттіліктері әртүрлі балаларды бағалаудағы қиындықтарды (28%) атап өтті.



## ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Білім беру мазмұнындағы жаһандық өзгерістер, атап айтқанда, пәндік білім мен дағдыларға дәстүрлі бағдарланудан 21-ғасырдың негізгі құзыреттерін дамыту үшін жағдай жасауға көшу («4К» құзыреттіліктері – сыни ойлау, креативтілік, коммуникация және ынтымақтастық) оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің өзгеруіне әкеледі.


Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңарту аясында критериалды бағалау жүйесі дәйекті түрде енгізілді. Үлгерімді айқындаудың жаңа өлшемшарттарын енгізу білім алушылардың оқу тіліне және мектептің орналасқан жеріне қарамастан оқу жетістіктерін әділ және тең бағалауды қамтамасыз ету үшін қажетті және уақтылы қолға алынған шара болды.

Фактологиялық білімді бағалауға бағытталған дәстүрлі жүйеден критериалды бағалау жүйесінің айырмашылығы, ол оқушының жеке жетістіктерін өлшейді (білім мен дағдыларды қолдану, пайымдау, бастысы, қорытынды жасау, шешім қабылдау және т.б.). Бағалаудың нақты және өлшенетін өлшемшарттарының болуы мұғалімге жеке тұлғаға бағытталған оқытуды қамтамасыз етуге, әрбір жеке оқушының түпкілікті нәтижеге қол жеткізуі және жалпы білім беру сапасын арттыру мақсатында өз қызметін талдау және жоспарлау үшін жедел ақпарат алуға мүмкіндік береді (АТО, 2020). Бағалаудың критериалды тәсілі білім алушыларды жетістікке жетуге жағдай жасайды және ынталандырады, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау әрекеттерін қалыптастырады (Камерова, 2022).

Сонымен қатар өлшемшарттар негізінде бағалау объективті болып табылады: оқушының жеке бағасы басқа білім алушылардың бағаларына әсер етпейді және тәуелді емес; критериалды бағалау - бағалау нәтижелерінің объективтілігін қамтамасыз етеді, өйткені барлық қатысушылар өлшемшарттармен таныс болады. Сондай-ақ, мектеп оқушылары бағалау өлшемшарттарын жайлы білімдеріне сүйене отырып, тапсырмаларды неғұрлым ақылға қонымды және дәл орындауға мүмкіндік алады (TALIS, 2018).

Сыныпта бағалаудың құрылымы формативті және жиынтық бағалаудан тұрады. Нақты және өлшенетін өлшемшарттар негізінде бағалау білім алушылардың құзыреттілік деңгейін объективті бағалауға және әрбір оқушының жеке оқыту траекториясын жақсартуға бағытталған (1-сурет).

1-сурет. Қазақстан мектептеріндегі критериалды бағалаудың құрылымы



Бұл ретте бағалаудың критериалды жүйесі мұғалімнен жеке шығармашылықтың неғұрлым кешенді көрінісін, бағалауды ұйымдастыру және жүргізу кезінде креативті тәсілді қолдануды талап етеді. Бағалау сапасын қамтамасыз ету үшін мұғалімдер формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын, бағалау өлшемшарттарын, дескрипторларды құрастыру, әр оқушының жеке қабілеттерін ескере отырып, кері байланыс беру сияқты дағдыларды игеруі керек.

Бағалаудың критериалды жүйесін енгізу кезінде елдік және өңірлік деңгейлерде қажетті нұсқаулықтар, өлшемшарттар негізінде бағалау жөніндегі құралдар әзірленді және тиісті оқыту ұйымдастырылды. Алайда, халықаралық және ұлттық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, мұғалімдер бағалауға критериалды тәсілді қолдануда әлі де белгілі бір қиындықтарды кездестіреді және әдістемелік қолдауды қажет етеді.

Осылайша, TALIS-2018 халықаралық зерттеуінің нәтижелеріне сәйкес, кәсіби дамудың әртүрлі курстарына қатысудың жоғары деңгейіне қарамастан, қазақстандық педагогтер жаңартылған оқу бағдарламалары мен

оқулықтардың мазмұны (37%) және критериалды бағалау (31%) бойынша оқыту курстарына «жоғары қажеттілік дәрежесін» сезінуде.

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ-2022) аясындағы педагогтердің сауалнамасының қорытындысы бойынша оқу үдерісінде қиындықтар туғызатын міндеттердің ішінде әрбір үшінші педагог білім алушылардың білімін бағалауды (34,9%) және кері байланыс беруді (33%) атап өтті (ҰБА, 2022).

Критериалды бағалау саласындағы өзекті мәселелер республиканың стратегиялық құжаттары шеңберінде де белгіленген. Мәселен, ҚР білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім алушыларды бағалауға деген әдіс-тәсілдер айтарлықтай мөлшерде жиынтық болып қалатыны атап өтілді. Осы мәселені шешу үшін келесі міндеттер айқындалды: формативті бағалаудың рөлін қайта қарау, формативті бағалаудың рәсімдері мен құралдарына, модерацияға және бағалау құралдары мен рәсімдерін жетілдіруге бағытталған басқа да құралдарға жеткілікті көңіл бөлу (ҚР білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2022).

Қазақстанда осы уақытқа дейін мектептерде оны іске асырудың тиімділігіне әсер ететін факторларды талдай отырып, критериалды бағалау жүйесін кешенді зерттеу жүргізілген жоқ. Зерттеудің өзектілігі елдегі критериалды бағалау жүйесін белсенді практикалық қолдануда және оны жетілдірудің тиімді ғылыми негізделген тәсілдерінің болмауында анықталады. Сол себепті сыныпта бағалаудың қаншалықты тиімді жүзеге асырылатынын және оқу үдерісінің қатысушылары қандай қиындықтарға тап болатынын зерттеу қажет.

Осыған байланысты қолданыстағы критериалды бағалау жүйесіне кешенді зерттеу жүргізілді, бұл оның қазіргі жағдайын талдауға, педагогтер мен білім алушыларға қиындықтар туғызатын бағалау бағыттары мен рәсімдерін анықтауға, елдің жалпы білім беретін мектептерінде ішкі бағалауды жүзеге асырудың мүмкіндіктері мен перспективаларын бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері келесі сұрақтардың жауаптарын алуға мүмкіндік берді:

➤ критериалды бағалауды ұйымдастыру және жүргізу кезінде мұғалімдер қандай қиындықтарды кездестіреді?

➤ формативті және жиынтық бағалаудың қандай рәсімдері мен кезеңдері ең көп қиындық туғызады?

➤ мұғалімдер оқу жетістіктерін бағалау үдерісін қаншалықты тиімді ұйымдастырады?

➤ білім алушылардың өзін - өзі және өзара бағалау бөлігіндегі ағымдағы ілгерілеуі қандай?

➤ бағалау нәтижелері бойынша кері байланысты қамтамасыз ету бөлігінде электрондық платформалар (Күнделік және т.б.) қаншалықты тиімді пайдаланылады?

➤ сыныпта бағалау жүйесін жетілдіру үшін мектептерге қандай әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау қажет?

Зерттеу қорытындысы бойынша критериалды бағалау жүйесін іске асыруға қатысты білім алушылардың, педагогтер мен жалпы білім беретін мектеп басшыларының пікірлеріне кешенді талдау жүргізілді, сондай-ақ оны одан әрі жетілдіру бойынша атаулы ұсынымдар мен ұсыныстар әзірленді.

### **Зерттеудің мақсаты**

Жалпы білім беретін мектептерде критериалды бағалау жүйесін іске асырудың тиімділігіне әсер ететін факторларды анықтау және оны жетілдіру бойынша атаулы ұсынымдар әзірлеу.

### **Зерттеу міндеттері**

1. Өлшемшарттар негізінде бағалауды іске асыру бойынша педагогтердің, білім алушылардың және мектеп басшыларының пікірлері мен тәжірибесін талдау;

2. Формативті және жиынтық бағалаудың әртүрлі рәсімдерін, кезеңдерін, нысандары мен әдістерін жүргізуге байланысты мәселелік сұрақтарды талдау;

3. Білім алушылардың сыныптағы бағалау үдерісіне қатысу дәрежесін бағалау;

4. Критериалды бағалау жүйесін жетілдіру бойынша атаулы ұсынымдар дайындау.

### **Зерттеу нысаны**

Білім алушылар, педагогтер және жалпы білім беретін мектептердің басшылары.

## **Зерттеу пәні**

Елдің жалпы білім беретін мектептеріндегі критериалды бағалау жүйесінің ағымдағы жағдайы.

## **Зерттеу болжамдары (гипотезалары)**

Критериалды бағалауды іске асыру педагогтердің оқу бағдарламасының мақсаттарын сабақ мақсаттарына түрлендіру, оқу бағдарламасының мақсаттарын көрсететін бағалау өлшемшарттары мен дескрипторлары бар валидті және объективті тапсырмаларды құрастыру, білім алушылардың білім беру мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес бағалаудың әртүрлі құралдарын, әдістері мен тәсілдерін (атап айтқанда, формативті бағалауды) пайдалану дағдыларын меңгеруде тиімді болады.

Білім алушылардың сабақта бағалаудың қағидалары мен тәсілдерін түсінуі, оларды бағалау өлшемшарттары мен бағалау рәсімдерін әзірлеу үдерісіне тарту (оның ішінде өзін – өзі және өзара бағалау арқылы) олардың белсенділігіне, қатысуына және оқуға деген ынтасының артуына ықпал етеді.

Критериалды бағалау аясында оқушыларды ынталандыру және білім беру прогресіне қол жеткізуге көмектесу мақсатында оқушыларды оқыту нәтижелері туралы мұғалімдерден жүйелі сындарлы кері байланыс қажет.

## **Зерттеудің практикалық маңыздылығы**

Критериалды бағалау жүйесін іске асыру үдерісінде білім алушылардың, мұғалімдердің және мектеп басшыларының алдында тұрған қиындықтарды анықтау оны жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде бағалау рәсімдерінің жоғары сапасына және олардың әрбір оқушының білім беру қажеттіліктеріне сәйкестігіне қол жеткізуге ықпал етеді. Сонымен қатар жалпы білім беретін мектептерде критериалды бағалауды жүзеге асыруға әсер ететін факторлар туралы объективті ақпарат алу мектептер мен басқа да мүдделі тараптарға пысықтауды қажет ететін үдерістер мен аспектілерді анықтауға мүмкіндік береді.

## Зерттеу құралдары

Зерттеу жұмыстың екі кезеңін қамтиды: кабинеттік және далалық.

### *Зерттеудің кабинеттік кезеңі*

Зерттеудің кабинеттік кезеңі аясында критериалды бағалаудың теориялық негіздерін, оның қағидаларын, мазмұны мен құрылымын қамтитын сыныпта бағалау тақырыбы бойынша әдеби шолу жүзеге асырылды. Сондай-ақ, Қазақстан мектептеріндегі өлшемшарттар негізінде бағалауды реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілерге шолу жасалды.

### *Далалық зерттеу кезеңі*

Далалық кезең деректерді жинаудың екі әдісін қамтиды – сандық (сауалнама) және сапалық (фокус-топтық пікірталас).

### *Сауалнама*

Сауалнама онлайн-сауалнаманы өздігінен толтыру түрінде өтеді: зерттеудің мақсаттары мен міндеттерімен, сондай-ақ ақпараттық келісім парағымен танысқаннан кейін респондент сауалнаманың сұрақтарымен өз бетінше танысады және оны өзінің практикалық тәжірибесіне сүйене отырып толтырады. Бұл әдіс сұхбатшының респондентпен тікелей байланысын білдірмейді, өйткені респондент өз бетінше сауалнаманы толтыру жөніндегі нұсқаулықпен, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерімен таныса алады. Онлайн сауалнама келесі мүмкіндіктерді береді:

1. қысқа уақыт ішінде нақты уақыт тәртібінде респонденттердің жауаптарын таратуға және алуға мүмкіндік береді;
2. нәтижелерді олардың түсуіне қарай өңдеуге мүмкіндік береді;
3. респондент сауалнаманы толтыру кезінде ыңғайлы және түсінікті бағдарлар мен медианы пайдалана алады;
4. деректерді бастапқы өңдеу кезінде қателік мүмкіндігін жоққа шығаруға болады, өйткені адам факторы алынып тасталады.

Бұл әдіс білім алушыларға, мұғалімдерге және мектеп басшыларына сауалнама жүргізу үшін қолданылады. Білім алушылардың ата-аналары үшін ақпараттандырылған келісім нысандары таратылып, мектеп оқушыларының сауалнамаға қатысуын растай отырып жиналды.

Оқушыларға арналған сауалнамалар 19 сұрақтан тұрады және 4 блокты құрайды:

- 1-блок «Жалпы сұрақтар» (7 сұрақ);
- 2-блок «Критериалды бағалау» (4 сұрақ);

- 3-блок «Кері байланыс» (2 сұрақ);
- 4-блок «Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау» (6 сұрақ).

Мұғалімдерге арналған сауалнамалар 18 сұрақтан тұрады және 4 блокты құрайды:

- 1-блок «Жалпы сұрақтар» (7 сұрақ);
- 2-блок «Критериалды бағалау» (5 сұрақ);
- 3-блок «Модерация» (2 сұрақ);
- 4-блок «Біліктілікті арттыру» (4 сұрақ);

Мектеп басқыларына арналған сауалнамалар 13 сұрақтан тұрады және 3 блокты құрайды:

- 1-блок «Жалпы сұрақтар» (5 сұрақ);
- 2-блок «Критериалды бағалаудың сапасын бақылау» (2 сұрақ);
- 3-блок «Мектептің педагогикалық ұжымына критериалды бағалау арқылы біліктілікті арттыруды ұйымдастыру» (6 сұрақ).

Сауалнама сұрақтары жабық және ашық түрдегі сұрақтардан құралған.

Сауалнама Microsoft Forms платформасында екі тілде жүргізілді: қазақ және орыс тілдерінде (Қосымшаны қараңыз).

#### *Зерттеудің апробациясы*

Сауалнама жүргізер алдында барлық сауалнамалар Астана қаласындағы мектептердің бірінде сынақтан өтті. Апробацияға 6 оқушы (4, 7 және 10 сыныптардан екі оқушыдан), 3 педагог және 2 директордың орынбасары қатысты. Апробацияға қатысушылар онлайн форматта, екі тілде: қазақ және орыс тілдеріндегі сауалнамадан өтті.

Апробация аяқталғаннан кейін сауалнаманы құрастырушылар оқушылардан, мұғалімдерден және мектеп басшыларынан сауалнамалар сұрақтарының мазмұны, құрылымы мен нысанына қатысты кері байланыс алды. Кері байланыс алғаннан кейін сауалнамалар талқыланып, апробацияға қатысушылардың пікірлерін ескере отырып түзетілді.

*Бастапқы деректерді жинауды іске қосу және зерттеудің далалық кезеңінің сапасын қамтамасыз ету рәсімдері*

Апробациядан кейін Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА мамандарымен құралған жұмыс тобымен және еліміздің барлық облыстарының оқу-әдістемелік кабинеттерінің өкілдерінің қатысуымен кездесу өтті. Кездесу барысында оқу-әдістемелік кабинеттердің өкілдері:

- ✓ зерттеудің талаптарымен танысты;

- ✓ сауалнаманы өткізу үшін сауалнама толтыру ережелерімен және талаптарымен танысты;
- ✓ сауалнаманы қолдау ережелерін және респонденттерді таңдау талаптарын зерттеді;
- ✓ мектеп оқушыларының сауалнамаға қатысуына ата-аналардың ақпараттандырылған келісімі бланкілерін толтыру, сондай-ақ қол қойылған бланкілерді жинау және зерттеушілерге беру талаптары мен мазмұнын зерделеді.

#### *Сандық зерттеудің далалық бақылауы:*

- ✓ сауалнама жүргізу фактісіне 100% бақылау ұйымдастырылды (сауалнама жүргізу үдерісінде таңдалған білім беру ұйымының растауы);
- ✓ сауалнама/фокус-топ сұхбатының 100% анонимділігі;
- ✓ сауалнамаларды толтырудың дұрыстығы мен дәйектілігін 100% тексеру.
- ✓ Оларды өңдегеннен кейін зерттеудің далалық кезеңінің құжаттарын құрылымдау және жүйелеу (Microsoft Excel статистикалық пакетінде толтырылған сауалнамаларды өңдеу қорытындылары бойынша алынған Microsoft Word/ Microsoft Excel бағдарламасының форматындағы бір өлшемді және екі өлшемді кестелер), нысаналы топтар бөлінісінде зерттеуге қатысушылардың саны туралы мәліметтер.

#### *Деректерді енгізу және өңдеу:*

- ✓ Microsoft Excel-де мәліметтерді өңдеуге арналған макет әзірленді;
- ✓ Мәліметтерді өңдеу және талдау Microsoft Excel бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды.

#### *Фокус-топтық пікірталастар*

Фокус-топтық пікірталастар қандай да бір мәселе немесе құбылыс бойынша мақсатты топ өкілдерінің пікірлерін ашық пікірталас түрінде анықтауға мүмкіндік беретін сапалы зерттеу әдістерінің бірі болып табылады. Фокус-топтық пікірталас модератор топты басқаратын, бірақ қатысушыларға алдын-ала белгісіз жасалынған сценарий бойынша өткізіледі.

Бұл әдіс мұғалімдер мен мектеп басшыларына сауалнама жүргізу үшін қолданылды. Ел мектептеріндегі критериалды бағалаудың ағымдағы тәжірибесін тереңірек зерттеу мақсатында фокус-топтық пікірталастардың сұрақтары жасалды.



Фокус-топтың қатысушылары бағалауды іске асырудың мүмкіндіктері мен күрделілігін, бағалаудың тиімді стратегиялары мен әдістерін, ЕББҚ бар оқушыларды бағалау ерекшеліктерін және сыныпта бағалауға байланысты басқа да мәселелерді талқылады.

### №1 блок. Танысу, фондық сұрақтар

- 1) Өз мектебіңіз туралы айтып бересіз бе?
- 2) Сіз қанша уақыт аралығында мұғалім / басшы болып жұмыс істейсіз? Сіз бұл мектепте қанша уақыт аралығында жұмыс істедіңіз?

### № 2 блок. Сыныптағы бағалауды жүзеге асыру

3) Сіздің мектебіңізде критериалды бағалау үдерісі қалай ұйымдастырылған?

4) Критериалды бағалауды жүзеге асыру кезінде мұғалімдер жиі кездесетін мәселелер қандай? *(Қажет болған жағдайда, жауап беру кезінде сұрақты нақтылау: жиынтық бағалау, формативті бағалау, кері байланыс, өзін - өзі бағалау және өзара бағалау, ЕББҚ бар балаларды бағалау және т. б.)*

5) Мектептерде ішкі сыныптық бағалауды сапалы жүзеге асыруға не кедергі келтіреді? Сіз бұл мәселелердің қалай шешілгенін қалайсыз?

6) Сіздің ойыңызша, қазір бағалаудағы ең өзекті мәселелер мен үрдістер қандай? Олар қазіргі мектепке, мұғалімдерге, білім беру үдерісіне қалай әсер етеді?

7) Жалпы алғанда, мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарының сыныпта бағалауға деген көзқарасын қалай сипаттауға болады?

8) Формативті және жиынтық бағалаудың қандай төмен жетілген рәсімдерін, түрлері мен кезеңдерін бөліп көрсетуге болады?

9) Сіздің тәжірибеңізде критериалды бағалауды сәтті жүзеге асыру неден тұрады?

10) ЕББҚ бар оқушылармен жұмыс кезінде критериалды бағалаудың қандай әдістері мен тәсілдері тиімді? Сіз немесе сіздің әріптестеріңіз осы әдістер мен тәсілдердің қайсысын қолданады?

### №3 блок. Модерация

11) Сіздің ойыңызша модерация сіздің мектебіңізде тиімді жүзеге асырылады ма? Мұғалімдерге сапалы модерация жүргізу үшін қандай жағдайлар қажет?

12) Модерация кезінде қандай қиындықтарды кездестіресіз?

### № 4 блок. Бағалау саласындағы кәсіби даму

13) Біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, тренингтер және басқа да осындай іс-шаралар критериалды бағалауды іске асыруда қандай рөл

атқарады? Олардың тиімділігін қалай бағалайсыз? Алған білімді оқыту тәжірибесінде толық қолдануға кедергі келтіретін факторлар бар ма?

14) Критериалды бағалау бойынша біліктілікті арттырудың қай нысанын ең тиімді деп санайсыз? Неліктен? (онлайн / офлайн семинарлар, дәрістер, практикалық сабақтар, тренингтер және т. б.)

15) Сіздің тәжірибеңізге сүйене отырып, сіз қолданыстағы біліктілікті арттыру курстарын қалай жақсартар едіңіз және неге? Сізге критериалды бағалау бөлігінде қандай қосымша әдістемелік қолдау қажет?

Фокус-топтық пікірталастар екі тілде жүргізілді: қазақ және орыс тілдерінде. Сауалнама да, фокус-топтық пікірталастар да жасырын түрде жүргізілді.

### **Зерттеу іріктемесі**

Сауалнамамен республиканың 20 өңірінен 3102 респондент қамтылды, оның ішінде: 685 мұғалім және 578 мектеп басшылары, 1839 4, 7 және 10 - сынып оқушылары.

Фокус-топтық пікірталастарға еліміздің 10 мектебінен 55-ке жуық адам қатысты.

### **Зерттеу географиясы**

Қазақстан Республикасының барлық әкімшілік облыстары (17) және республикалық маңызы бар қалалар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары.

#### ***Сауалнама нүктелерін таңдау***

1. Қазақстан географиялық жағынан бес аймаққа бөлінеді: Шығыс, Батыс, Солтүстік, Оңтүстік, Орталық. Өңірлердің осы санын таңдау және оларға облыстарды жатқызу дәстүрлі болып табылады және табиғи-климаттық, сондай-ақ экономикалық-географиялық ерекшеліктерге байланысты болып келеді. Әкімшілік бөлінісі бойынша Қазақстан 20 өңірге бөлінеді, бұл 17 облыс және республикалық маңызы бар үш қала: Астана, Алматы және Шымкент.

2. Сауалнамаға қатысу үшін елдің географиялық және әкімшілік бөлінісін ескере отырып, барлық өңірлер іріктелді. Сауалнама үшін барлығы 17 өңір және республикалық маңызы бар үш қала: Астана, Алматы және Шымкент қалалары іріктелді.

3. Барлық мектептердің іріктемеге түсу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін Ұлттық білім беру дерекқорындағы мектептердің бар тізімінен кездейсоқ іріктеу қағидасы қолданылды. Әрі қарай, кездейсоқ сандар генераторының

көмегімен еліміздің әр аймағындағы білім беру ұйымдарының тізімі бойынша зерттеуге қатысу үшін мектептер таңдалды. 20 облыстан және республикалық маңызы бар қалалардан барлығы 300 мектеп іріктелді: әр өңірден 15, қалалық және ауылдық жерлерден тиісінше 7–8 мектептен таңдалды.

4. Сауалнама екі тілде жүргізілді: қазақ және орыс тілдерінде. Респонденттер өздері таңдаған тілдердің бірінде сауалнама жүргізе алады.

5. Фокус-топтық пікірталастарға қатысу үшін барлық өңірлерден ел бойынша 10 мектеп іріктелді: Шығыс, Батыс, Солтүстік, Оңтүстік, Орталық. Әр фокус-топтық пікірталасқа 4–6 педагог пен мектеп басшылары қатысты. Фокус-топтық пікірталас өткізуге арналған мектептер мақсатты іріктеу әдісімен таңдалды. Ел өңірлерінің оқу-әдістемелік басқармаларының өкілдері мұғалімдер мен басшылар критериялды бағалау жүйесін тиімді іске асыратын мектептерді ұсынды. Сол себепті мақсатты іріктеудің қисыны – тереңірек зерттеу үшін ақпаратқа бай жағдайларды таңдаудан тұрады (Алексашина және т.б., 2022).

#### *Білім алушылар арасынан респонденттерді іріктеу*

Сауалнамаға қатысу үшін 4, 7 және 10-сынып оқушылары, яғни бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін мектептердің өкілдері іріктелді. Бастауыш, орта және жоғары мектеп деңгейінде критериялды бағалау жүйесін зерделеу кешенді ұсыныстарды әзірлеу үшін қажетті шарт болып табылады. 4-сыныптарда критериялды бағалау тәжірибесін зерделеу бастауыш мектептің өзекті сұрауларына жауап беретін ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік береді. Орта мектеп 7-сынып оқушыларымен, ал жоғары мектеп 10-сынып оқушыларымен ұсынылған. Зерттеуге қатысқан әрбір мектептен сауалнамадан 6 оқушы өтті – 4, 7 және 10 сыныптардан екі оқушыдан. Сауалнамаға еліміздің 1839 оқушысы қатысты.

#### *Педагогтер мен мектеп басшылары арасынан респонденттерді іріктеу*

Әр мектептен педагогтер арасынан 2–3 респондент және мектеп басшылары арасынан 2-3 респондент (директор және/немесе директордың орынбасарлары) сұралды. Фокус-топтық пікірталастарға қатысушыларды іріктеу үшін критериялды бағалауда тікелей тәжірибесі бар және мектептерде қолданыстағы бағалау тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстары бар мұғалімдер мен басшылар зерттеуге тартылды.

## Зерттеудің далалық кезеңін жүргізу алгоритмі

1. Зерттеу құралдарын әзірлеу (сауалнамалар, фокус-топтық пікірталастарға арналған сауалнама парақтары);

2. Сауалнамаларға апробация жүргізу және апробация нәтижелерін ескере отырып оларды одан әрі түзету;

3. Сауалнамаға қатысу үшін білім беру ұйымдарының үлгісін жасау, байланыс тұлғаларымен байланысты қолдау және сауалнамалар, фокус-топтық пікірталастар өткізу күні мен уақытын келісу;

4. Зерттеудің далалық кезеңін жүргізу бойынша жұмыс тобын құру. Жұмыс тобы еліміздің барлық облыстарының оқу-әдістемелік кабинеттерінің өкілдерінен тұрады. Топтың жұмыс жоспары онлайн сауалнама жүргізуді ұйымдастыруды қамтиды: қатысушылар арасында сауалнамаға сілтемелерді тарату және ата-аналар үшін ақпараттандырылған келісім нысандары, қол қойылған нысандарды жинау. Сауалнама жүргізгеннен кейін жұмыс тобы фокус-топтық пікірталастар өткізу үшін өз саласынан мектептермен байланыс орнатты;

5. Microsoft Forms бағдарламасын онлайн деректерді жинау құралы ретінде пайдалана отырып, білім алушылар, мұғалімдер және мектеп басшылары арасында сауалнама жүргізу;

6. Сауалнамаға қатысатын білім алушылардың ата-аналарынан жазбаша ақпараттандырылған келісім алу;

7. «Шикі» сауалнама деректерін статистикалық өңдеу, деректерді салыстырмалы түрде талдау;

8. Мақсатты іріктеу әдісімен іріктелген әрбір білім беру ұйымында мұғалімдермен, директордың орынбасарларымен және директорлармен фокус-топтық пікірталастар өткізу. Фокус-топтық пікірталастарға қатысу үшін мақсатты іріктеуден өткен әр мектептен 4–6 респондент таңдалды.

9. Деректерді жинауды қорытындылау және талдамалық есепті әзірлеу.

*Сауалнама нәтижелері бойынша қорытынды аналитикалық есепте:*

- зерттеу әдістемесінің сипаттамасы;
- әдебиеттерге шолу;
- статистикалық маңызды айырмашылықтарды сипаттайтын барлық сауалнама сұрақтары бойынша деректерді талдау;
- фокус-топтық пікірталас деректерін талдау;
- зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсынымдар.

## ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

### Білім беру үдерісіндегі бағалаудың рөлі

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Евгений Роберт Глейзер (1963) қолданды және бұл термин «білім алушылардың оқу жетістіктері мен қол жеткізілген әлеует деңгейлері арасындағы сәйкестік үрдісін» сипаттайды (Glaser, 1963).

Бағалау білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл оқу нәтижелері туралы дәлелдемелерді жинау үдерісі, жұмысты бағалау үшін дәлелдер негізінде белгілі бір өлшемшарттарды қолдану және орындалған жұмыс туралы қорытынды жасау (Ныгметова және Сарбасов, 2017).

Бағалау үдерісі мұғалімдердің академиялық дайындықты бағалау, өлшеу және құжаттау, оқудағы ілгерілеу, білім алушылардың дағдылары мен білім беру қажеттіліктерін игеру үшін қолданатын әдістері мен құралдарының кең ауқымын білдіреді. Бұл кешенді үдеріс білім алушылардың жетістіктерінің деңгейін бағалауға ғана емес, сонымен қатар қойылған мақсаттарға неғұрлым тиімді қол жеткізу үшін оқыту траекториясын уақтылы түзетуге мүмкіндік береді (Furtak et al., 2016). Бұл жағдайда бағалау ең жақсы білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін мұғалім мен білім алушы арасында екі жақты ақпарат алмасу рөлін атқарады. Бағалау сонымен қатар мұғалімге педагогикалық қызметтегі өзінің кәсіби дамуы мен ілгерілеуін анықтауға мүмкіндік беретін құрал болып табылады.

Тұтас үдеріс ретінде бағалау келесі қызметтерді орындайды:

- **Білім беру** қызметі - білімді тексеру, бақылау, есепке алу оқытудың органикалық элементтері болып қала береді. Олардың міндеті - істердің жай-күйін, оқу деңгейін анықтау, бекіту ғана емес, сонымен қатар оқытуға ықпал ету, қателерді түзету, нұсқау беру, әрі қарай ілгерілеуге көмектесу.

- **Аналитикалық-түзету** - мұғалімнің педагогикалық рефлексиясымен, оның өзіндік талдауымен, оқытуды жоспарлау мен ұйымдастыруды жетілдірумен байланысты. Бұл қызмет оқушыға, қиындықтарды жеңу, оқу-танымдық іс-әрекетті түзету және өзін-өзі түзету әдістеріне қатысты болып келеді.

- **Ынталандырушы** - білім беруді жалғастыру және толықтыру болып табылады. Ол бақылау оқушының іс-әрекетін бұзбай, оны шабыттандырады, жаңа мақсаттарға қол жеткізуге, оқу мен дамудың жоғары деңгейіне сенімділікті ояту үшін жасалған.

- **Тәрбиелеу және дамыту** - бұл функциялар адекватты өзін-өзі бағалауды, жауапкершілікті, ұмтылысты, ерікті өзін-өзі реттеуді және басқа да әлеуметтік құнды қабілеттер мен мінез-құлық ерекшеліктерін қалыптастырумен байланысты.

- **Бақылау** - жетістік деңгейін, оның нормалар мен стандарттарға сәйкестігін, сондай-ақ білімді игеру мен дамытудың жоғары деңгейіне жетуді қамтамасыз етеді (*Загоруйко және т.б., 2018*).

## **Критериалды бағалаудың мақсаттары, міндеттері мен қағидалары**

Критериалды бағалау - мұғалімге, білім алушыларға және ата-аналарға түсінікті нақты өлшемшарттарға негізделген білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес оқу жетістіктерін бағалау үдерісі. Ол білім алушылардың жетістіктерін бір-бірімен салыстырмайды және бір-біріне тәуелді етпейді, сондай-ақ әрбір оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат беруге бағытталған (*The Glossary of Education Reform*).

Критериалды бағалаудың **мақсаты** «бағалау өлшемшарттары негізінде білім алушыларды оқыту нәтижелері туралы объективті ақпарат алу және оны барлық мүдделі қатысушыларға оқу үдерісін одан әрі жетілдіру үшін ұсыну» болып табылады (*Можаева, 2016, 4-бет*).

Критериалды бағалаудың **міндеттері**:

1. Білім беру қызметтерінің сапасын арттыратын бағалаудың ашық және объективті тетігін құру;
2. Халықаралық қағидаттарға негізделген бағалаудың бірыңғай және сапалы стандартын белгілеу;
3. Бағалау қызметі саласындағы мұғалімдердің біліктілігін арттыру;
4. Өз бетінше оқыту дағдыларын дамыту және білім алушылардың өз оқуының нәтижелері үшін жауапкершілігін арттыру үшін жағдайлар жасау;
5. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жақсарту;
6. Талдау, синтездеу және бағалау дағдыларын қоса алғанда, күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік беретін тапсырмалар банкін құру;
7. Білім беру қызметтерінің сапасы туралы оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға және басқару органдарына объективті, үздіксіз және сенімді ақпарат беру;

8. Ақпаратты жинау және беру үдерістерін жақсарту үшін электрондық журналды пайдалану;

9. Жекелеген оқушылар, мектептер, аудандар, облыстар және ел деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мониторингін ұйымдастыру;

10. Стандарттарды, оқу бағдарламаларын жақсарту және басқару шешімдерін қабылдау үшін талдау жүргізу (*Можалева, 2016, 5-бет*).

Критериалды бағалаудың негізгі практикалық маңыздылығы анық және нақты бағалау өлшемшарттарын қолдану болып табылады, бұл білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына білім алушының нәтижелерін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Сыныпта бағалауды жүзеге асыру кезінде өлшемшарттың құрамдас бөлігі төрт негізгі үдерістен қалыптасады: білім және түсіну, зерттеу, байланыс, рефлексия.

Білім мен түсінік білім алушының алған білімін стандартты және өзгермелі жағдайларда қолдану қабілетімен сипатталады. Зерттеу білім алушының әртүрлі әдістерді қолдана отырып, тапсырмаларды зерттеу қабілетімен, сондай-ақ заңдылықтар мен олардың өзара байланысын түсіндіре білуімен сипатталады. Байланыс дегеніміз - білім алушының ғылыми терминологияны қолдана отырып ақпарат беру қабілеті. Рефлексия білім алушының есепті шешудің қолданылатын әдісін таңдауды бағалау және түсіндіру қабілетімен байланысты (*Болатова және т.б., 2017*).

Жалпы, критериалды бағалау жүйесі келесі **қағидаларды** басшылыққа алады:

- тек білім алушының жұмысы бағаланады;
- білім алушының жұмысы білім алушыларға алдын ала белгілі дұрыс орындалған жұмыстың үлгісімен (эталонымен) салыстырылады;
- білім алушы бағалауды шығарудың нақты алгоритмін біледі, оған сәйкес ол өз жұмысының деңгейін анықтай алады және ата-аналарға хабарлайды;
- білім алушыларда тек оқытылған нәрсені ғана бағалайды, өйткені бағалау өлшемшарты оқу мақсаттарының нақты көрінісін білдіреді (*Болатова және т.б., 2017*).

## Мұғалімдердің бағалауды тұжырымдамалық қабылдауы

Білім беру үдерісінде бағалауды жүзеге асырудың табыстылығы мұғалімдердің бағалау тұжырымдамасын қабылдауына байланысты.

Мұғалімдердің бағалауды тұжырымдамалық қабылдауын зерттеу-сыныпта бағалау саласындағы зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, мұғалімдердің бағалау тәжірибесі олардың бағалау тұжырымдамасының өзін тікелей қабылдауына байланысты (*Drummond, 2006*). Мұғалімдердің бағалаудың мақсаты мен міндеттерін кең мағынада қабылдауы оны іс жүзінде жүзеге асыруды қалыптастырады: бағалаудың мақсатын түсінбестен мұғалім бұл үдерістің барлық әлеуетін жүзеге асыра алмайды.

*Brown (2008)* педагогтер бағалауды тұжырымдамалық тұрғыдан төрт түрлі мақсатқа ие үдеріс ретінде қарастырады деген болжам жасады:

- 1) бағалау оқытуды да, оқуды да жетілдіру құралы ретінде;
- 2) бағалау оқушылардың алған білімі, дағдылары мен біліктіліктері қойылған оқу мақсаттарына сәйкес келетіндігін анықтау құралы ретінде;
- 3) көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасы туралы хабардар ету үшін мектептер мен мұғалімдердің есептілігін қамтамасыз ету құралы ретінде бағалау;
- 4) бағалау оқу үдерісінде қажет нәрсе емес, тіпті білім алушылар мен мұғалімдерге зиянды болуы мүмкін.

Осы тұжырымдамаларға сүйене отырып, *Brown (2008)* Жаңа Зеландияда зерттеу жүргізді және мұғалімдердің көпшілігі бағалауды оқытуды да, оқуды да жетілдіретін құрал ретінде қабылдайды деген қорытындыға келді. Сондай-ақ, мұғалімдердің көпшілігі бағалауды пайдасыз үдеріс деп санамайды және бағалау тек білім алушылардың есеп беруі үшін қажет деген пікірмен келіспейді.

Испан мектептерінде *Remesal (2011)* жүргізген ұқсас зерттеу мұғалімдердің бағалауды қабылдауы оқушылардың білім деңгейіне байланысты әртүрлі болады деген қорытындыға келді. Осылайша, бастауыш мектепте сабақ беретін мұғалімдер бағалауды оқыту мен оқуға әсер ететін үдеріс ретінде қабылдауға бейім, ал орта мектепте сабақ беретін мұғалімдер бағалауды оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі туралы есеп беру құралы ретінде қабылдайды. *Remesal (2011)* бұл нәтижелерді Испанияның білім беру жүйесімен байланыстырады, себебі онда білім алушылардың сыртқы бағалауына ерекше назар аударылады.



*Azis (2015)* Еуропаның алты елінде жүргізген зерттеуі мұғалімдер бағалауды, біріншіден, мұғалім тарапынан да, білім алушылар тарапынан да білім беру үдерісін жетілдіретін құрал ретінде, екіншіден, мектептің есептілігі мен нәтижелілігін көрсететін құрал ретінде қабылдайды деген қорытындыға келді.

Шетелдік зерттеулер көрсеткендей, мұғалімдердің бағалауды қабылдауы оны сыныпта жүзеге асыруына тікелей әсер етеді.

Мысалы, *Vandeyar and Killen (2007)* бағалауды оқу үдерісін жетілдіру құралы ретінде қабылдайтын мұғалімдер өз тәжірибелерінде формативті бағалау әдістерін көбірек қолданады деген қорытындыға келді. Бағалауды өз нәтижелері үшін есеп беру және жауапкершілік құралы ретінде қабылдайтын мұғалімдер өз тәжірибелерінде жиынтық әдістерді көбірек қолданды.

Бағалауға жиынтық немесе формативті тәсілді қолдануды бағалау мақсаттары бойынша жіктеуге болады. Осылайша, әдебиеттерде мақсаттар бойынша бағалаудың екі негізгі түрін ажыратады: «оқуды бағалау» (AoL – Assessment of Learning) және «оқыту үшін бағалау» (AfL – Assessment for Learning).

*Dixson and Worrell (2016)* және *Siarova et al (2017)* сияқты ғалымдар «оқуды бағалауды» (AoL) жиынтық немесе қорытынды бағалау ретінде тұжырымдайды. Қорытынды бағалау деп аталатын AoL оқу нәтижелерін бағалауға арналған, білім алушылардың үлгерімі туралы ақпарат береді, білім алушыларды нәтижелер бойынша іріктеу немесе топтастыру құралы ретінде қызмет етеді, сондай-ақ оқу нәтижелерін растайды және білім берудің бір деңгейінен екіншісіне ауысу үшін дәлелді негіз ретінде қызмет етеді.

Қолданылатын AOL бағалау әдістеріне жобалар, белгілі бір кезеңдегі үлгерімді бағалау, портфолио, рефераттар, аудиториялық емтихандар, стандартталған тесттер және ұлттық тесттер кіреді. Әдетте мұғалімдер бағалаудың орталық тұлғалары болып табылады.

AoL әдістері негізінен жабық және ашық сұрақтарды қамтиды, олардың түпкі мақсаты мектеп оқушыларының білім беру жетістіктерінің деңгейін бағалау болып табылады. Қорытынды бағалар кезең-кезеңмен, күнделікті емес және оқу бөлімдерінің соңында өткізіледі: бөлім, тоқсан, семестр немесе жыл соңында.

«Оқыту үшін бағалау» тұжырымдамасы (AFL-Assessment for Learning) *Dixson and Worrell (2016)* және *Siarova et al (2017)* білім алушылардың үлгерімін жақсартуға бағытталған, мұғалімдер мен оқушыларға оқыту мен оқу

үдерістерін жетілдіру үшін кері байланыс ретінде пайдалану үшін ақпарат беретін формативті бағалау ретінде қарастырылады. *Siarova et al (2017)* зерттеуіне сәйкес «оқыту үшін бағалауды» (AfL) қолдайтын құралдар сыни ойлауды дамытады, оқушылардың өзара әрекеттесуіне ықпал етеді және оқу үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

Формативті бағалау әдетте әртүрлі түрлерге бөлінбейді. Формативті бағалау екі түрлі формада болуы мүмкін: өздігінен – мысалы, нақты уақыт режимінде оқу кезінде сұрақтар мен жауаптар немесе жоспарланған, соның ішінде викториналар мен оқушылардың үлгерімін бағалауға арналған үй тапсырмалары. Мұғалімдер оқушылардың үлгерімі туралы кері байланыс пен ақпарат беруде шешуші рөл атқарады, дегенмен AOL («оқуды бағалау») - дан айырмашылығы, білім алушы бағалау үдерісінің белсенді қатысушысы болып табылады.

AfL бағалаудың ең көп қолданылатын құралдары - бақылаулар, үй тапсырмалары, толық түсініктемелер беру, әріптестермен ынтымақтастық, оқушылардың өзін-өзі бағалауы, сұрақ-жауап сессиялары, ойындар, материалды ұсыну мен игерудің кешенді тәсілдері, мұғалім мен оқушының рефлексиясы және тиімді кері байланыс беру болып табылады. Формативті бағалау материалды оқыту және игеру үдерісінде үнемі жүреді.

*Brown (2009)* ұқсас тұжырымдар жасады: Гонконгтың бастауыш және орта мектеп мұғалімдерінің қатысуымен жүргізілген зерттеу нәтижелері оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және оқытуды жақсарту мақсатында бағалау тәжірибесі оқыту мен оқу үдерісін жетілдіру тұжырымдамасына байланысты екенін көрсетті. Оқушыларды емтиханға дайындаумен байланысты тағы бір тәжірибе білім алушыларға бағалау жауапкершілігін беру тұжырымдамасына байланысты болды.

Бірқатар зерттеулер қарама-қарсы тұжырымдарды көрсетеді. Осылай, *James and Pedder (2006)* және *Azis (2015)* зерттеулері **мұғалімдер арасында бағалауды қабылдау және оны іс жүзінде жүзеге асыру сыртқы факторларға, соның ішінде елдік білім беру саясатының талаптарына байланысты әрқашан бір-бірімен байланысты емес екенін көрсетеді.**

Мысалы, Индонезиядағы кіші сынып мұғалімдерінің сенімдері мен бағалау практикасын зерттеген *Azis (2015)* бағалау практикасы мен елдің қолданыстағы бағалау жүйесінің саяси талаптары арасындағы қарама-қайшылықты анықтады. Зерттеуге қатысқан педагогтер бағалаудың мақсаты білім алушылардың оқу үдерісін жетілдіру және материалды игеру деп

есептеді, алайда, емтихандарды өткізудің жалпы мемлекеттік саясатының талаптары олардың осы мақсаттар үшін бағалауды пайдалану жөніндегі күштерін шектейді. Соның нәтижесінде, мұғалімдердің бағалаудан күтілген нәтижелері және білім берудегі мемлекеттік саясат сәйкес келмей, бұл мұғалімдердің сенімдері мен мектептердегі бағалау тәжірибесі арасындағы қарама-қайшылыққа әкелді.

Сол сияқты, *James and Pedder (2006)* ағылшын тілі мұғалімдері арасындағы зерттеу нәтижелері бойынша тәрбиешілер «оқыту үшін бағалауға» (AfL) үлкен мән бергенін анықтады, бірақ шын мәнінде олардың тәжірибесі тиімділікке көбірек бағытталған. Авторлар бұл нәтижелер Англияда мұғалімдерден нәтижелікке бағытталған тәжірибелерді қолдануды талап ететін және білім алушыларды тестілеу нәтижелері бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізуге итермелейтін тестілеу контекстінен туындады деп болжады. Демек, мұғалімдердің тәжірибесінде қорытынды бағалауға (жиынтық бағалауға) жатқызылған мән оқыту мен оқу үдерісін жетілдіру үшін жүзеге асырылатын бағалаудан жоғары.

*Buehl және Beck (2015)* сенімдер мен тәжірибенің сәйкес келмеуі мұғалімдердің кәсіби тәжірибесіне теріс әсер етуі мүмкін деп санайды, ал кейбір жағдайларда мұғалімдер тіпті өз кәсібінен бас тартуы немесе бағалаудың орынсыз әдістері мен тәсілдерін қолдануы мүмкін деп мәлімдейді.

Осылайша, мұғалімдерді бағалауды тұжырымдамалау әрқашан олардың тәжірибесіне сәйкес келе бермейді. Нанымдар мен тәжірибе арасындағы байланыс күрделі түрде жүреді, өйткені екі элемент бір-біріне әсер етеді (*Orpe, 2015*), әр нақты бағалау жағдайына сәйкес өзара байланысты жеке және контекстік факторларға байланысты (*Barnes et al., 2015; Buehl and Beck, 2015*). Тұжырымдамалар мен тәжірибе арасындағы бұл сәйкестік немесе сәйкессіздік ескерілуі керек, өйткені бұл мұғалімдердің педагогикалық қызметіне әртүрлі деңгейде әсер етеді.

### **Бағалауды іске асырудағы қиыншылықтар**

Соңғы онжылдықтардағы бағалау саласындағы шетелдік зерттеулер оны іс жүзінде жүзеге асырудың тиімділігіне бағытталған. Бағалаудың әртүрлі тәжірибелерін зерделеу кезінде бағалаудың білім беру сапасын арттыруға, оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін жақсартуға, оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттарына қол жеткізуге әсер ететіндігіне басты назар аударылады.

Мұғалімдерге қиындық тудыруы мүмкін бағалау аспектілерін анықтауға бағытталған шетелдік зерттеулерді талдау келесі тұжырымдарды көрсетті:

- бағалау өлшемшарттарын әзірлеу. Бағалау өлшемшарттары әрбір жеке пәннің ерекшеліктерін ескере отырып, оның мақсаттарына барынша жауап беруге және күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Өлшемшарттардың нақтылығына қарамастан, барлық оқу пәндеріне сәйкес келетін өлшемшарттарды құрастыруда толық біркелкілік жоқ. Бұл әр оқу пәнінің ғылыми және практикалық негіздерінің ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Тиісінше, барлық пәндер үшін бағалау өлшемшарттарын құрудың бекітілген үлгісін пайдалану мүмкін емес. Сонымен қатар, бірқатар зерттеулерде мұғалімдерге олардың пәндерінің ерекшеліктерін ескере отырып, бағалау өлшемшарттарын құрудың әртүрлі тәсілдерін қолдану қиынға соғады (*Leung, 2004*).

Сонымен қатар, мұғалімдерге сыныптың және / немесе оқу жетістіктерінің әртүрлі деңгейлері бар оқушылардың оқу мүмкіндіктерін ескеретін сараланған тәсілді қолдана отырып, бағалау өлшемшарттарын ұстану маңызды.

- сындарлы кері байланыс беру. Кейбір шетелдік авторлар білім алушыларға кері байланыс әрдайым бірдей қабылданбайды деп санайды (*Dann, 2014*). Бірқатар зерттеулер оқушылардың мұғалімнен кері байланысты қабылдауы олардың ынтасына және тақырыпты жалпы қабылдауына байланысты екенін атап өтті. Сонымен қатар, көбінесе мұғалім берген кері байланыс та әрдайым қабылдана бермейді (*Angelo & Cross, 2012*).

Осыған байланысты зерттеушілер сындарлы және түсінікті кері байланыс беру үшін оқушылардың ынтасын арттыруға және олардың өздерінің білім беру нәтижелерін жақсартуға бағытталған ең тиімді тәжірибелерді анықтайтын қосымша эмпирикалық зерттеулер қажет екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, шетелдік зерттеулер бағалау өлшемшарттарын оқушылардың дұрыс түсінуін қамтамасыз етудегі қиындықтар, мұғалімдердің кәсіби дамуы бойынша іс-шараларда бағалау дағдыларының тәжірибелік пысықталмауы және т.б. сияқты бағалауды жүзеге асырудағы қиындықтарды көрсетеді (1-кесте).

*1-кесте. Білім беру тәжірибесіндегі бағалауды жүзеге асырудағы қиындықтар*

<b>№</b>	<b>Критериалды бағалаудың сипаттамалары</b>	<b>Білім беру практикасында бағалауды жүзеге асырудағы қиындықтар</b>
<b>1</b>	Бағалау нақты және өлшенетін өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады	<p>Бағалау үдерісінде мұғалімнің сараланған тәсілді (оқу жетістіктерінің әртүрлі деңгейлері және әртүрлі білім беру әлеуеті бар сыныптар және/немесе балалар) есепке алмай, тек нақты өлшемшарттарға бағдарлау қаупі.</p> <p>Жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын бағалаудың нақты өлшемшарттарын әзірлеу әрдайым мүмкін емес немесе күрделі. Өлшемшарттарды бағалау үдерісінің қатысушылары әртүрлі түсінуі мүмкін.</p> <p>Бағалау өлшемшарттары оның ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір жеке пәннің мақсаттарына барынша жауап беруі және күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс.</p>
<b>2</b>	Өлшемшарттар бағалау үдерісінің барлық қатысушыларына хабарланады	<p>Оқуға бөлінген уақыт ресурстары немесе бағалау, оның ішінде білім алушылармен танысу және өлшемшарттарды түсіну үшін де жұмсалады.</p> <p>Оқу үдерісінде білім алушылар тек оқу мазмұнының бір бөлігіне, бағалауға жататын дағдылар мен біліктіліктерге назар аудара алады.</p> <p>Оқушыларды бағалау үдерісінде нақты өлшемшарттарға назар аудара отырып, олар әрқашан ойлаудың жоғары деңгейін және оның өзіндік ерекшелігін көрсете алмайды.</p>
<b>3</b>	Бағалау өлшемшарттары білім алушылардың өзін-өзі бағалауына негіз болады	Өлшемшарттарды дұрыс түсінбеу немесе білім алушылардың дамымаған өзін-өзі бағалау дағдылары өзін-өзі бағалау үдерісінің тиісті әсерін қамтамасыз етпейді.
<b>4</b>	Формативті бағалау аясында оқытуды уақтылы түзетуге мүмкіндік беретін кері байланыс қамтамасыз етіледі	<p>Педагогтердің жиынтық бағалау тәжірибесіне бейілділігі және оның нәтижесінде бағалау нәтижелерін кері байланыс түрінде түсіндірудің қиындығы.</p> <p>Білім алушылардың бағалау бөлігінде өздерінің білім беру нәтижелерін жақсартуға бағдарлануға</p>

		мүмкіндік беретін деңгейде педагогпен өзара іс-қимыл жасауға дайындығының жетіспеушілігі.
		Сапалы және тиімді кері байланыс оқу уақытының айтарлықтай шығындарын талап етеді.
		Педагог-практиктердің зерттеушілермен сапалы кері байланыс беру үдерісін жетілдіруге қатысты ынтымақтастығының болмауы.
5	Критериалды бағалау объективті және ашық	Мұғалімдердің «этикалық бағалаудағы» құзыреттілігінің жеткіліксіздігі, атап айтқанда, білім алушылардың нәтижелерін объективті бағалауға кедергі келтіретін қате түсінік пен стереотиптердің әсері.
6	Тұрақты кәсіби даму бағалау дағдыларын жетілдіреді және мұғалімдердің ынтасын арттырады	Бағалау дағдыларын жетілдіру шеңберінде өткізілетін іс-шаралардың теориялық бағыты және дағдылардың тәжірибелік пысықтауының болмауы. Бағалау саласында жаңа білім мен дағдыларды игерудегі мұғалімдердің енжарлығы.

**Дереккөздер:** Шмигирилова және т.б., 2022; Torrance and Pryor, 2001; Briscoe and Wells, 2002; Lovett and Gilmore, 2003; McDonald, 2002; Hargreaves et al., 2002; Mabry et al., 2003; Lovett and Gilmore, 2003; Hayward et al., 2004; Borko et al., 2000; Lock & Munby, 2000; Treagust et al., 2001

2-кестеде шетелдік зерттеулердің деректері бойынша бағалауды теориялық қолдаудың мәселелік сұрақтары көрсетілген.

### 2-кесте. Бағалауды теориялық қамтамасыз етудегі қиындықтар

Бағалауды теориялық қамтамасыз етудегі қиындықтар	Зерттеулер
Білім алушылар мен мұғалімдерді бағалауды жүзеге асыруға және бағалауда инновацияларды енгізуге психологиялық даярлау бойынша эмпирикалық зерттеулердің болмауы	Безукладников К. Э., Красноборова А. А. (2010), Moss (2003); Pawson E. et al. (2006); Shepard L. (2001); Black P., Wiliam D. (2010)
Формативті бағалау теориясы бойынша зерттеулердің бытыраңқылығы.	Robert J. Marzano (1978), Paul Black (1983), Richard E. Mayer (1990), Richard L. Allington (2003), John Hattie (2010), and Wiliam E. Pellegrino (2012)

<p>Формативті және жиынтық бағалау нәтижелерінің білім беру саясатына әсері бойынша зерттеулердің болмауы</p>	<p>Arekkuzhiyil (2021); Brady Laurie (1996); Timmis S. et al. (2016); Stiggins R. J. (2001)</p>
<p>Бағалау теорияларын эксперименттік тексеру және бағалаудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін сынақтан өткізу бойынша зерттеулердің болмауы</p>	<p>Paul Black and Dylan Wiliam (1998), Robert Stake (1995), Richard Shavelson and Lorrie Shepard (1995), W. James Popham (2001)</p>

# ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ





### Жалпы ақпарат

**Тіл.** Сауалнамаға еліміздің 20 өңірінен барлығы 1 839 4, 7 және 10-сынып оқушылары қатысты. Білім алушылардың көпшілігі (63,8% немесе 1 173) сауалнаманы қазақ тілінде таңдады, қалған 36,2% (666 адам) оны орыс тілінде өтті.


**Жынысы.** Сауалнамаға қатысқан оқушылардың жартысынан көбі қыздар (59,3%).

**Оқыту сыныптары.** Оқу сыныптары бойынша білім алушылар саны: 4 – сынып – 603 адам, 7 – сынып - 658, 10-сынып - 578.

**Мектептің орналасқан жері.** Респонденттердің 59% (1 085) қалалық жерде тұрады.

**Мектептегі оқыту тілі.** Оқушылардың 64,5% – ы (1 187) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда, 646 оқушы (35,1%) орыс тілінде, 6 оқушы басқа тілде оқиды (2-сурет).


*2-сурет. Сауалнамаға қатысқан оқушылар туралы жалпы ақпарат / %*



**Оқу үлгерімі.** 43,4% немесе 799 оқушының үлгерімі жоғары («өте жақсы»). Сауалнамаға қатысқан оқушылардың жартысына жуығы жақсы оқиды (903 немесе 49,1%). Тек 137 респондент «қанағаттанарлық» (7,4%) оқиды.

**Аймақтар.** Сауалнамаға қатысушылардың ең көп саны Алматы, Астана қалаларында, Ұлытау және Павлодар облыстарында тіркелді (3-сурет).

*3-сурет. Сауалнамаға қатысқан оқушылар туралы жалпы ақпарат / тұратын аймақтары / адам.*



## Критериалды бағалаудың пайдасы

Критериалды бағалаудың маңызды қызметі - бұл мұғалімдердің оқушыларды сабақта оқыту және бағалау үдерісіне тарту жөніндегі белсенді әрекеттерін білдіретін ынталандырушы қызметі. Сабақта бағалауды сапалы іске асыру кезінде білім алушылар олардың білімі қандай өлшемшарттар бойынша бағаланатынын нақты түсінеді, оқудағы өз үлгерімін қалай өлшеуге болатынын және үлгерімін жақсарту үшін жұмыс істеуді біледі.

Респонденттерге жоғарыда аталған әрекеттерді барлық сабақтарда орындай алады ма деген сұрақ қойылды.

Оқушылардың үштен екісі (67%) бағалау олардың оқу үлгерімін өз бетінше жақсартуға және барлық пәндер бойынша оқу үлгерімін өлшеуге көмектесетінін атап өтті, ал әрбір төртінші оқушы (27%) тек кейбір пәндерде ғана жауап берді.

Оқушылардың 63% - ы бағалау олардың барлық пәндер бойынша (барлық сабақтарда) оқуға деген қызығушылығын арттырады деп жауап берді. Қалған оқушылар «кейбір сабақтарда» (28%) және «бірде-бір сабақта емес» (6%) деген жауап нұсқаларын таңдады.

4 оқушының 3-і (73%) барлық сабақтарда бағалау олардың білімі қандай өлшемшарттар бойынша бағаланатынын түсінуге көмектеседі деп санайды. Бұл ретте әрбір бесінші респондент (22%) «кейбір сабақтарда» жауабын таңдады (4-сурет).

4-сурет. Оқушылардың «Сен бағалауға қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?» сұрағына жауаптары/ %



Осылайша, білім алушылардың көпшілігі бағалау олардың барлық сабақтарда оқу үдерісіне қатысуына оң әсер етеді деп санайды. Бұл ретте сауалнамаға қатысқан оқушылардың бір бөлігі (22% - дан 28% - ға дейін) бағалау процесінің олардың ынтасына және оқу үдерісіне қатысуына оң әсерін көрсетеді, бірақ барлық оқу пәндері бойынша емес екені анықталды. Мұндай нәтижелер мұғалім рөлінің маңыздылығын көрсетеді: оқушылардың бағалауға қатысу деңгейі көбінесе мұғалімнің бұл үдерісті өз сабақтарында қалай ұйымдастыратынына байланысты.

Критериалды бағалауды жүзеге асырудағы мұғалімнің тағы бір маңызды міндеті - оқушыға пән бойынша оның мықты және әлсіз жақтарын анықтау және оларды жеткізе білу. Осыған байланысты білім алушыларға олардың пікірінше, оқу пәндері бойынша олардың мықты және әлсіз жақтарын анықтау бөлігінде жиынтық және формативті бағалау қаншалықты пайдалы екендігі туралы сұрақ қойылды. Сұрақ келесі жауап нұсқаларын қамтыды:

- БЖБ, ТЖБ және ФБ өте пайдалы, өйткені олар менің пән бойынша мықты және әлсіз жақтарымды анықтауға мүмкіндік береді;

- БЖБ, ТЖБ және ФБ жалпы пайдалы, бірақ олар маған әрқашан пән бойынша мықты және әлсіз жақтарымды анықтауға мүмкіндік бермейді;

- БЖБ, ТЖБ және ФБ онша қатты пайдалы емес, себебі олар маған пән бойынша мықты және әлсіз жақтарымды анықтауға сирек мүмкіндік береді;

- БЖБ, ТЖБ және ФБ мүлдем пайдалы емес, себебі олар маған ешқашан пән бойынша мықты және әлсіз жақтарымды анықтауға мүмкіндік бермейді.

Оқушылардың жартысынан көбірек бөлігі (54%) жиынтық және формативті бағалау оқу үдерісінде «өте пайдалы» деп санайды. **Әрбір үшінші оқушы (33%) жиынтық және формативті бағалау «жалпы пайдалы» деп санайды, бірақ әрқашан пәндер бойынша мықты және әлсіз жақтарын түсінуге мүмкіндік бермейді.**

«Басқа» жауап нұсқасын таңдаған оқушылар арасында бағалаудың пайдалы болуы үшін мұғалімдердің оқушылардың пәндер бойынша, әсіресе формативті бағалау деңгейінде мықты және әлсіз жақтары туралы кері байланысы маңызды екендігі туралы пікірлер айтылды. Бұл оқушыларға жиынтық бағалаудағы ілгерілеуді көрсете отырып, қиындық тудыратын тақырыптарға уақтылы жауап беруге және оқушыларды оған тартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, оқушылардың өз мектебіндегі бағалау тақырыптарды тереңірек зерттеуге, мектеп бағдарламасын түсінуге және т.б. мүмкіндік бермейді деген жеке пікірлері де айтылды (5-сурет).

5-сурет. Оқушылардың «БЖБ, ТЖБ және ФБ қаншалықты пайдалы?» деген сұраққа жауаптары / %




Толығырақ нәтижелер алу үшін бұл сұрақ келесі параметрлер бойынша талданды: оқыту тілі, мектептің орналасқан жері, оқу сыныптары және оқу үлгерімі.

### Оқыту тілі

Оқыту тілі бойынша келесі нәтижелер алынды. Қазақ тілінде оқитын балалар орыс тілінде оқитын оқушыларға қарағанда пәндер бойынша өздерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтау үшін жиынтық және формативті бағалаудың пайдасын көруге бейім («өте пайдалы» – тиісінше 63% және 37%). Өз кезегінде, «жалпы пайдалы, бірақ олар маған пән бойынша менің мықты және әлсіз жақтарымды түсінуге әрдайым мүмкіндік бермейді» деген жауап нұсқасын таңдағандардың арасында орыс тілінде оқитын оқушылар қазақ тіліне қарағанда едәуір көп (тиісінше 46% және 25%) (6-сурет).


6-сурет. Оқушылардың «БЖБ, ТЖБ және ФБ қаншалықты пайдалы?» деген сұраққа жауаптары /оқыту тілі / %



### Мектептің орналасқан жері

Мектептің аумақтық тиістілігі бойынша формативті және жиынтық бағалау өте пайдалы деп жауап берген ауылдық білім алушылар үлесінің шамалы басымдығы анықталды, өйткені ол оқу пәндері бойынша мықты және әлсіз жақтарын түсінуге мүмкіндік береді (ауыл – 58%, қала – 50%) (7-сурет).


7-сурет. Оқушылардың «БЖБ, ТЖБ және ФБ қаншалықты пайдалы?» деген сұраққа жауаптары /Мектептің орналасқан жері / %



### Оқыту сыныптары

Оқушылар неғұрлым үлкен болса, олардың арасында жиынтық және формативті бағалауды пайдалы деп санайтындар соғұрлым аз болады. Осылайша, 4-сыныпта бағалау өте пайдалы екенін атап өткен оқушылар үшін олардың пәндер бойынша мықты және әлсіз жақтарын түсінуге мүмкіндік беретін 64% құрады. Бұл 7-сыныптан 10% - ға, ал 10-сыныптан 22% - ға жоғары (8-сурет).

7-сурет. «БЖБ, ТЖБ және ФБ қаншалықты пайдалы?» деген сұраққа жауаптары: /Оқыту сыныптары/ %




### Оқу үлгерімі

Оқу үлгерімі оқушылардың пәндер бойынша мықты және әлсіз жақтарын анықтаудағы бағалаудың пайдасы туралы пікіріне айтарлықтай әсер етеді.

Осылайша, «үздік оқушылардың» көпшілігі (62%) бағалауды өте пайдалы деп санайды, ал мұндай пікірі бар «үлгерімі төмен оқушылар» ол көрсеткіштің жартысын (29%) құрайды. «3» белгісі бар әрбір бесінші оқушы формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ өте пайдалы емес және оларға пәндер бойынша мықты және әлсіз жақтарын түсінуге сирек мүмкіндік береді деп жауап берді. Салыстыру үшін, үлгерімі жақсы оқушылар арасында бұл көрсеткіш тек 6% құрады (9-сурет).

8-сурет. «БЖБ, ТЖБ және ФБ қаншалықты пайдалы?» деген сұраққа жауаптары /Оқу үлгерімі/ %



### Сабақта бағалау үдерісінде оқушылардың кездестіретін қиындықтары

Білім алушылардың алдында тұрған кедергілерді анықтау үшін оларға бағалау үдерісін түсінуге және бағалау үдерісінде оқу-ұйымдастыру дағдыларын қолдануға қатысты сұрақтар қойылды. Атап айтқанда, барлық пәндер бойынша олар сабақтың мақсаттары мен міндеттерін, бағалау өлшемшарттарын түсінеді ме, бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен салыстыра алады ма, өздерін және сыныптастарын бағалай алады ма, сабақ тақырыбы бойынша кері байланыс бере алады ма, мұғалімнің сұрақтарына жауап бере алады ма, сабақтың мықты және әлсіз жақтарын түсінеді ме, күрделі тақырыптар бойынша білімді қалай көтеру керектігін түсінеді ме деген сияқты сұрақтар қойылды.

Жауаптарды талдау көрсеткендей, оқушылардың көпшілігі барлық оқу пәндері бойынша критериалды бағалауда өздерінің оқу-ұйымдастыру дағдыларын салыстырмалы түрде жоғары бағалайды.

Атап айтқанда, оқушылардың 70% - ы барлық сабақтарда сабақтың тақырыбы бойынша өздерінің мықты және әлсіз жақтарын түсінетінін, 68% - ы сабақтың мақсаттары мен міндеттерін *әр пән бойынша* түсінетінін, сондай-ақ күрделі тақырыптар бойынша білімдерін жетілдіру үшін қандай әрекеттер жасау керектігін білетіні туралы атап өтті.

Бұл ретте барлық сабақтарда білім алушылардың тек 63% - ы олардың білім беру жетістіктері қандай өлшемшарттар бойынша бағаланатынын түсінеді. Бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен салыстыру оқушыларға қиындық туғызады — олардың тек 62% - ы бұл әрекеттерді барлық сабақтарда жасай алады. Демек, оқушылардың шамамен үштен бірі (31%-32%) барлық сабақтарда емес, тек кейбіреулерінде ғана сабақтың мақсаттары мен міндеттерін, бағалау өлшемшарттарын түсінетінін және бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен салыстыра алатынын атап өтті (10 - сурет).

9-сурет. Оқушылардың «Сен сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?» сұрағына жауаптары / %





### Оқыту тілі


Оқыту тілі бөлінісінде қазақ тілінде оқитын балалар арасында **барлық сабақтарда оқу жетістіктерін бағалау үдерісін түсіну дағдыларын жоғары бағалайтындар көп екені анықталды.**

Осылайша, қазақ тілінде оқитын оқушылардың көпшілігі сабақтың мақсаттары мен міндеттерін *барлық пәндер бойынша* түсінетіні (74%), ал орыс тілінде оқитын оқушылар арасында бұл көрсеткіш төмен және 56% құрайтыны мәлім болды.

Сондай-ақ, оқыту тілдері бойынша алшақтық оқушылардың кері байланысын іске асыру мәселесі, атап айтқанда, мұғалімнің сұрақтарына жауап беру және нақтылайтын сұрақтар қою мүмкіндігі бойынша байқалады. Осылай қазақ тілінде оқитын оқушылардың 72% - ы *барлық пәндер бойынша* мұғалімдерге тиімді кері байланыс бере алатынын, ал орыс тілінде оқитын оқушылардың бұл көрсеткіші 17% - ға төмен екені анық болды.

Барлық сабақтарда өткен тақырыптар бойынша өзінің мықты және әлсіз жақтарын түсіну туралы қазақ тілінде оқитын оқушылардың 74% - ы, ал орыс тілінде оқитындардың 62% - ы ғана мәлімдеді (11-сурет).


**10-сурет. Оқушылардың «Сен сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?» сұрағына жауаптары/оқыту тілі/ %**




### Мен бағалау өлшемшарттарын (критерийлерін) түсінемін



### Мен бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен сәйкестендіре аламын





### Мен сабақта өзімді және сыныптастарымды бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалай аламын



### Мен сабақтың тақырыбы бойынша кері байланыс бере аламын, мұғалімнің сұрақтарына жауап бере аламын және сабақтың тақырыбы бойынша нақтылайтын сұрақтар қоя аламын





### Мектептің орналасқан жері

Мектептердің орналасқан жері бойынша қалалық және ауылдық оқушылардың нәтижелері арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмайды (3-кесте).

3-кесте. Оқушылардың «Сен сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?» сұрағына жауаптары/мектептің орналасқан жері/ %

«Сен өзіңнің сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?»	қала				ауыл			
	Иә, барлық сабақтарда	Иә, кейбір сабақтарда	Жоқ, бірде-бір сабақта емес	Жауап беруге қиналамын	Иә, барлық сабақтарда	Иә, кейбір сабақтарда	Жоқ, бірде-бір сабақта емес	Жауап беруге қиналамын
Мен сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсінемін	66,5	32,0	0,6	0,8	69,4	29,0	0,4	1,2
Мен бағалау өлшемшарттарын (критерийлерін) түсінемін	63,7	31,7	2,0	2,6	61,5	33,3	2,7	2,5

<i>Мен бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен сәйкестендіре аламын</i>	61,0	31,0	3,5	4,5	62,9	31,4	2,8	2,9
<i>Мен сабақта өзімді және сыныптастарымды бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалай аламын</i>	62,5	31,0	3,8	2,8	67,8	25,6	4,4	2,3
<i>Мен сабақтың тақырыбы бойынша кері байланыс бере аламын, мұғалімнің сұрақтарына жауап бере аламын және сабақтың тақырыбы бойынша нақтылайтын сұрақтар қоя аламын</i>	63,6	32,2	2,7	1,6	69,5	26,8	1,7	2,0
<i>Мен өтілген сабақтың тақырыбы бойынша өзімнің мықты және әлсіз жақтарымды түсінемін</i>	68,9	27,5	1,9	1,7	71,0	26,3	1,3	1,5
<i>Мен күрделі тақырыптар бойынша білімімді көтеру үшін не істеуім керек екенін түсінемін</i>	67,2	28,0	3,0	1,8	69,0	24,3	3,8	2,9

### *Оқыту сыныптары*

Оқыту сыныптары бойынша бір жағынан бастауыш сынып оқушыларының, екінші жағынан орта және жоғары сынып оқушыларының жауаптарында айтарлықтай айырмашылық бар. Мысалы, 4-сынып оқушыларының төртеуінің үшеуі (75%) *барлық пәндер бойынша* сабақтың мақсаттары мен міндеттерін түсінетіндерін айтты, ал жетінші сынып оқушылары мен оныншы сынып оқушылары үшін бұл көрсеткіш 64% құрайды.

Кіші буын оқушыларының едәуір бөлігі сабақ тақырыбы бойынша кері байланыс бере алады, мұғалімнің сұрақтарына жауап бере алады және *барлық*

сабақтарда нақтылайтын сұрақтар қоя алады деп жауап берді (75%). Орта және жоғары сынып оқушыларының көрсеткіштері 12% - дан төмен және сәйкесінше 61% және 63% құрайды.

Осылайша, респонденттердің жауаптарына сәйкес кіші буын білім алушылары барлық сабақтарда бағалау үдерісінде оқу-ұйымдастыру дағдыларын түсіну және қолдану деңгейлерін жоғары бағалайды (4-кесте).

*4-кесте. Оқушылардың «Сен сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?» сұрағына жауаптары/оқыту сыныптары/ %*

«Сен өзіңнің сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?»	4-сынып			
	Иә, барлық сабақтарда	Иә, кейбір сабақтарда	Жоқ, бірде-бір сабақта емес	Жауап беруге қиналамын
<i>Мен сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсінемін</i>	75,1	24,0	0,5	0,3
<i>Мен бағалау өлшемшарттарын (критерийлерін) түсінемін</i>	68,5	27,0	2,0	2,5
<i>Мен бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен сәйкестендіре аламын</i>	61,9	28,9	3,5	5,8
<i>Мен сабақта өзімді және сыныптастарымды бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалай аламын</i>	70,5	24,5	3,5	1,5
<i>Мен сабақтың тақырыбы бойынша кері байланыс бере аламын, мұғалімнің сұрақтарына жауап бере аламын және сабақтың тақырыбы бойынша нақтылайтын сұрақтар қоя аламын</i>	74,6	23,1	1,3	1,0
<i>Мен өтілген сабақтың тақырыбы бойынша</i>	74,0	24,7	1,0	0,3

<i>өзімнің мықты және әлсіз жақтарымды түсінемін</i>				
<i>Мен күрделі тақырыптар бойынша білімімді көтеру үшін не істеуім керек екенін түсінемін</i>	73,1	22,4	3,2	1,3

<i>«Сен өзіңнің сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?»</i>	7-сынып			
	<i>Иә, барлық сабақтарда</i>	<i>Иә, кейбір сабақтарда</i>	<i>Жоқ, бірде-бір сабақта емес</i>	<i>Жауап беруге қиналамын</i>
<i>Мен сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсінемін</i>	64,4	33,7	0,5	1,4
<i>Мен бағалау өлшемшарттарын (критерийлерін) түсінемін</i>	58,8	35,9	2,3	3,0
<i>Мен бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен сәйкестендіре аламын</i>	61,4	32,8	3,0	2,7
<i>Мен сабақта өзімді және сыныптастарымды бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалай аламын</i>	60,9	30,7	5,6	2,7
<i>Мен сабақтың тақырыбы бойынша кері байланыс бере аламын, мұғалімнің сұрақтарына жауап бере аламын және сабақтың тақырыбы бойынша нақтылайтын сұрақтар қоя аламын</i>	60,8	34,2	3,0	2,0
<i>Мен өтілген сабақтың тақырыбы бойынша өзімнің мықты және әлсіз жақтарымды түсінемін</i>	67,3	29,0	1,5	2,1

<i>Мен күрделі тақырыптар бойынша білімімді көтеру үшін не істеуім керек екенін түсінемін</i>	65,0	28,9	3,8	2,3
---	------	------	-----	-----

<i>«Сен өзіңнің сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?»</i>	10-сынып			
	<i>Иә, барлық сабақтарда</i>	<i>Иә, кейбір сабақтарда</i>	<i>Жоқ, бірде-бір сабақта емес</i>	<i>Жауап беруге қиналамын</i>
<i>Мен сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсінемін</i>	63,7	34,4	0,7	1,2
<i>Мен бағалау өлшемшарттарын (критерийлерін) түсінемін</i>	61,4	33,9	2,6	2,1
<i>Мен бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен сәйкестендіре аламын</i>	62,1	31,7	3,1	3,1
<i>Мен сабақта өзімді және сыныптастарымды бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалай аламын</i>	62,8	31,0	2,8	3,5
<i>Мен сабақтың тақырыбы бойынша кері байланыс бере аламын, мұғалімнің сұрақтарына жауап бере аламын және сабақтың тақырыбы бойынша нақтылайтын сұрақтар қоя аламын</i>	63,0	32,4	2,4	2,2
<i>Мен өтілген сабақтың тақырыбы бойынша өзімнің мықты және әлсіз жақтарымды түсінемін</i>	68,2	27,0	2,6	2,2
<i>Мен күрделі тақырыптар бойынша білімімді көтеру</i>	65,7	28,0	3,1	3,1

үшін не істеуім керек  
екенін түсінемін

### Оқу үлгерімі

Оқу үлгерімі неғұрлым төмен болса, оқушылар соғұрлым нашар сабақтың мақсаттары мен міндеттерін, бағалау өлшемшарттарын түсінеді, бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен салыстыра алады, өздерін және сыныптастарын бағалай алады, сабақ тақырыбы бойынша мұғалімнің сұрақтарына жауап бере алады, сабақтың тақырыбы бойынша өздерінің мықты және әлсіз жақтарын түсінеді, күрделі тақырыптар бойынша білімді қалай көтеру керектігін түсінеді.

Атап айтқанда, «үздік оқушылардың» 83% - ы барлық пәндер бойынша сабақтың мақсаттары мен міндеттерін түсінетіндіктерін айтты, ал «жақсы» және «қанағаттанарлық» оқитын оқушылар арасында мұндай жауаптардың үлесі айтарлықтай төмен (тиісінше 61% және 23%).

Сабақтың мақсаттары мен міндеттерін түсіну оқу материалын игерудің негізгі шарттарының бірі болып табылады, сәйкесінше, осы бағыттағы қиындықтар білім алушылардың академиялық дайындық деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін (5-кесте).

*5-кесте. Оқушылардың «Сен сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?» сұрағына жауаптары/оқу үлгерімі/ %*

«Сен өзіңнің сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?»	«5» (өте жақсы)			
	Иә, барлық сабақтарда	Иә, кейбір сабақтарда	Жоқ, бірде-бір сабақта емес	Жауап беруге қиналамын
Мен сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсінемін	82,5	17,0	0,4	0,1
Мен бағалау өлшемшарттарын (критерийлерін) түсінемін	72,2	24,4	1,5	1,9
Мен бағалау өлшемшарттарын	71,1	25,0	1,6	2,3



<i>дескрипторлармен сәйкестендіре аламын</i>				
<i>Мен сабақта өзімді және сыныптастарымды бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалай аламын</i>	74,2	21,9	2,3	1,6
<i>Мен сабақтың тақырыбы бойынша кері байланыс бере аламын, мұғалімнің сұрақтарына жауап бере аламын және сабақтың тақырыбы бойынша нақтылайтын сұрақтар қоя аламын</i>	81,4	17,6	0,5	0,5
<i>Мен өтілген сабақтың тақырыбы бойынша өзімнің мықты және әлсіз жақтарымды түсінемін</i>	82,4	16,5	0,8	0,4
<i>Мен күрделі тақырыптар бойынша білімімді көтеру үшін не істеуім керек екенін түсінемін</i>	79,1	18,9	1,4	0,6

<i>«Сен өзіңнің сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?»</i>	<b>«4» (жақсы)</b>			
	<i>Иә, барлық сабақтарда</i>	<i>Иә, кейбір сабақтарда</i>	<i>Жоқ, бірде-бір сабақта емес</i>	<i>Жауап беруге қиналамын</i>
<i>Мен сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсінемін</i>	61,4	37,3	0,6	0,8
<i>Мен бағалау өлшемшарттарын (критерийлерін) түсінемін</i>	59,0	36,3	2,5	2,1
<i>Мен бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен сәйкестендіре аламын</i>	58,4	33,2	4,3	4,1


<i>Мен сабақта өзімді және сыныптастарымды бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалай аламын</i>	60,4	32,3	5,1	2,2
<i>Мен сабақтың тақырыбы бойынша кері байланыс бере аламын, мұғалімнің сұрақтарына жауап бере аламын және сабақтың тақырыбы бойынша нақтылайтын сұрақтар қоя аламын</i>	58,3	36,3	3,4	2,0
<i>Мен өтілген сабақтың тақырыбы бойынша өзімнің мықты және әлсіз жақтарымды түсінемін</i>	63,3	32,6	2,4	1,7
<i>Мен күрделі тақырыптар бойынша білімімді көтеру үшін не істеуім керек екенін түсінемін</i>	63,1	30,5	3,8	2,7

<i>«Сен өзіңнің сабақтағы іс-әрекетіңе қатысты келесі мәлімдемелермен келісесің бе?»</i>	<b>«3» (қанағаттанарлық)</b>			
	<i>Иә, барлық сабақтарда</i>	<i>Иә, кейбір сабақтарда</i>	<i>Жоқ, бірде-бір сабақта емес</i>	<i>Жауап беруге қиналамын</i>
<i>Мен сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсінемін</i>	23,4	67,9	1,5	7,3
<i>Мен бағалау өлшемшарттарын (критерийлерін) түсінемін</i>	32,8	52,6	5,1	9,5
<i>Мен бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен сәйкестендіре аламын</i>	29,9	53,3	5,1	11,7
<i>Мен сабақта өзімді және сыныптастарымды бағалау</i>	37,2	45,3	7,3	10,2

<i>өлшемшарттарына сәйкес бағалай аламын</i>				
<i>Мен сабақтың тақырыбы бойынша кері байланыс бере аламын, мұғалімнің сұрақтарына жауап бере аламын және сабақтың тақырыбы бойынша нақтылайтын сұрақтар қоя аламын</i>	27,7	59,9	5,1	7,3
<i>Мен өтілген сабақтың тақырыбы бойынша өзімнің мықты және әлсіз жақтарымды түсінемін</i>	38,7	51,1	2,2	8,0
<i>Мен күрделі тақырыптар бойынша білімімді көтеру үшін не істеуім керек екенін түсінемін</i>	34,3	44,5	12,4	8,8

Сонымен қатар, оқушыларға мектептерде ТЖБ және БЖБ өткізудің қатаңдығы туралы сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың үштен екісі олардың мектебінде жиынтық бағалау қатаң жүргізіліп жатқанын атап өтті. Оқушылардың төрттен бір бөлігі (24%) мұғалімдер БЖБ/ТЖБ-ны ылғи қатаң қадағаламайды деп жауап берді (12-сурет). Жиынтық бағалау кезінде педагогикалық шеберлік маңызды екенін атап өткен жөн: мұғалім күйзелістік (стресстік) және жанжалды жағдайлардың туындау қаупін азайта отырып, оқушылардың академиялық адалдықты сақтауын қамтамасыз етуі керек.

11-сурет. Оқушылардың «Сенің мектебіңде БЖБ мен ТЖБ қатаң түрде өткізіле ме?» сұрағына жауаптары/ %



## Кері байланыс

Кері байланыс әр оқушының білім беру траекториясын түзетудің тиімді құралы болып табылады. Кері байланыс арқылы оқушы қандай құзыреттіліктерді күшейту керектігін және қателерді жою жолдарын қалай табуға болатынын түсіне алады. Сондықтан білім алушылар үшін мұғалімдерден сапалы және сындарлы кері байланыс алу өте маңызды.

Осыған байланысты білім алушылар үшін сауалнамаға педагогтердің кері байланысына қатысты бірқатар сұрақтар енгізілді. Атап айтқанда, оларға берілген кері байланыстың түрлері мен нысандары, мұғалімдер ұсынған түсініктемелердің қаншалықты кең таралғаны және т. б. туралы сұрақтар қойылды.

Оқушылардың көпшілігі (71%) негізінен мұғалімдердің кері байланысы *ауызша түсініктеме* түрінде берілетінін атап өтті. Білім алушылардың шамамен 39% - ы жазбаша түсініктеме түрінде кері байланыс беріледі деп жауап берді. Білім алушылардың төрттен бір бөлігі ғана кері байланысты педагогтер негізінен электрондық журналдағы түсініктемелер және оқушымен жеке әңгімелер түрінде ұсынатынын атап өтті (тиісінше 25% және 26%).

Сауалнамаға қатысқан оқушылардың дәл сол сияқты саны (24%) мұғалімнің қосымша түсініктемесіз, негізінен ұпайлар мен бағалар түрінде кері байланыс алады. Оқушылардың жауаптарына сәйкес, кері байланыстың ең аз таралған түрі рубрикалар болып табылады (16%) (13-сурет).

**12-сурет. Оқушылардың «Сен әдетте мұғалімдерден кері байланысты қандай түрде аласың?» сұрағына жауаптары / %**



Түсініктемелердің ашық әрі толыққанды болу дәрежесі кері байланыс сапасына айтарлықтай әсер етеді, өйткені сындарлы түсініктемелер оқушыға жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін олардың жеке оқу траекториясын қалай түзету керектігін толық түсінуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер ұсынатын ауызша және жазбаша түсініктемелердің толықтығы мен таралу деңгейін анықтау үшін оқушыларға тиісті сұрақ қойылды.

Барлық респонденттердің жартысы (50%) мұғалімдерден толық түрде түсініктеме алады. Бұл әдетте қысқа (ашылмаған) түсініктемелер (27%) алатынына жауап берген оқушылардың үлесінен екі есе көп. Әрбір бесінші оқушы (21%) мұғалімдерден қысқа да, толық әрі түсінікті де түсініктемелер алады (14-сурет).

**13-сурет. Оқушылардың «Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын орындау нәтижелері бойынша мұғалімдерден әдетте қандай ауызша және / немесе жазбаша түсініктемелер аласыз?» сұрағына жауаптары / %**



Педагогтер мен мектеп басшыларының қатысуымен фокус-топтар барысында сапалы кері байланыс беруге кедергі келтіретін негізгі себептер ретінде сыныптағы оқушылар санының көп болуы және мұғалімдердің шамадан тыс жүктемесі аталды (1-кірістірме).

1-кірістірме. Оқушылармен кері байланыс орнату бойынша мектеп басшылары мен мұғалімдерінің пікірлері

○ *«Оқушылар көп болған кезде сындарлы кері байланыс орнату қиын, бірақ маған рубрикалар көмектеседі... Рубрикада мен бағалайтын өлшемшарттар мен дескрипторларды көрсетемін, мүмкін болатын ұпайды және оқушының нақты жинаған ұпайын көрсетемін, және бұл нәтиженің қандай деңгейге сәйкес келетінін көрсете аламын. Рубрикалардың арқасында ата-аналарда баласының осы немесе басқа ұпай алғаны туралы сұрақтары жоқ. Ата-ана түсінсе, бала да түсінеді» (респондент N – бастауыш сынып мұғалімі)*

○ *«Химия сабағының тапсырмаларының күрделілігіне байланысты көп Жағдайда барлық балаларға кері байланыс беруге уақыт жетіспейді» (респондент N—химия пәнінің мұғалімі)*

○ *«Біздің мектепте кері байланысты жүзеге асыруда біраз қиындықтар бар. Сабақтың соңында оқушылар арасында рефлексия жасауға да уақыт жетіспейді. Тек 3-4 оқушыға ғана уақыт жетеді. Сонымен қатар, көптеген мұғалімдер өте жеңіл-желпі кері байланыс береді. Олар сабақтың жағымды жақтарын және оқушылардың жетістіктерін көбірек көрсетеді, ал бірақ бала болашақта жақсы ұпай жинауы үшін және БЖБ мен ТЖБ-ны жақсы жазуы үшін не істеу керек, дәл осы жерде мәселелер туындайды. Менің ойымша, бұл біліктілікті арттыру курстарында мұғалімдерге толық кері байланыс беруді үйрету керек» (респондент N—мұғалім)*

○ *Кері байланыс көп уақытты алады. Атап айтқанда, қиындық оқушылардың жазбаша жұмысын тексеру кезінде анықталады, өйткені әр оқушының мықты және әлсіз жақтарын жазу үшін және қай жерде, немен жұмыс істеу керек екенін жазып шығу үшін көп уақыт қажет. Ауызша тапсырмаларға қатысты уақытпен байланысты мәселелер жоқ,*

- «** өйткені кері байланыс бірден беріледі» (респондент N—мұғалім)
- «Әр оқушыға сындарлы түрде кері байланыс беру қиын, сондықтан мен оны сабақта ауызша айтуға тырысамын, сонымен қатар бұрынғыдай тақтада, бүкіл сыныппен ең көп кездесетін қателерді талдай отырып, балалар қателіктердің қайда екенін және оларды қалай түзетуге болатынын көретіндей қателермен жұмыс жасаймыз» (респондент N – бастауыш сынып мұғалімі)
  - «Біз IT мектебі болғандықтан, біз тиімді кері байланыс жасау үшін әртүрлі платформаларды қолданамыз, бұл бізге уақытты үнемдеуге көмектеседі. Кері байланыс үш кезең арқылы беріледі: біріншісі, біз мұғалімдер әрқашан кері байланыста жақсы нәрселерді көреміз, ал жаман нәрселер біздің ішімізде қалады. Содан кейін біз оқушылардың қателіктерін түзетуге болатын әртүрлі нұсқаларын ұсынамыз» (респондент N – мұғалім)
  - «Күнделікті жазбаша жұмыстарға кері байланыс беру әрдайым мүмкін емес. Мысалы, математика сабақтарында күн сайын оқушылардың дәптерлерін жинау және тексеру және оларға жазбаша кері байланыс беру өте қиын. Осы себепті біз балалар өздерін бағалай алатындай сандық платформаларды қолданамыз. Формативті бағалауда кері байланысты мұғалімдер ауызша түрде де бере алады. Бірақ БЖБ тапсырмаларына дайындық кезінде балаларға өздерінің мықты және әлсіз жақтары туралы жазбаша кері байланыс беріледі. Ал рубрикалар үлгерімі ғана жазылады» (респондент N-ПШО жаттықтырушысы)


### Өзін-өзі және өзара бағалау

Формативті бағалау аясында мұғалім ғана емес, сонымен бірге оқушылардың өздері де өзін-өзі және өзара бағалау түрінде кері байланыс бере алады. Өз жұмыстары мен сыныптастарының жұмысын бағалау білім алушыларға өз үлгерімін талдауға, қателіктердің себебін және оларды жою жолдарын табуға мүмкіндік береді.

Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың көпшілігі өзін-өзі бағалау (66%) және өзара бағалау (63%) дағдыларын жоғары бағалайды. Сауалнамаға

қатысқандардың төрттен бірінен астамы (27%) *ішінара* өзін - өзі бағалау және өзара бағалау дағдылары бар деп жауап берді (15-сурет).

*14-сурет. Оқушылардың «Сіз формативті бағалау шеңберінде өзін-өзі бағалауды және өзара бағалауды қалай жүргізу керектігін білесіз бе?» сұрағына жауабы / %*



Сондай-ақ, оқушыларға сабақта өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудың жүйелілігі туралы сұрақ қойылды. **Оқушылардың жартысынан азы (44%) өзін - өзі бағалау сабақтарда жиі өткізілетінін атап өтті.** Оқушылардың 36% - ы «кейде» жауап нұсқасын таңдап, өзін-өзі және өзара бағалау тұрақты түрде аз жүргізілетінін атап өтті. Оқушылардың тек 16% - ы сабақта бағалаудың бұл әдістері сирек жүргізіледі деп жауап берді (16-сурет).

*15-сурет. Оқушылардың «Сабақта өзара бағалау мен өзін-өзі бағалау қаншалықты жиі өткізіледі?» сұрағына жауаптары / %*



Бағалау өлшемшарттары мен дескрипторларды түсіну—оқушылардың өзіндік және өзара бағалау дағдыларын қалыптастырудың негізі. Білім алушылардың жоғары бағалау дағдыларының көрсеткіштерінің бірі оқушы мен мұғалімнің бағалау нәтижелерінің сәйкес келуі болып табылады.


Өзін-өзі бағалау дағдыларын меңгеру деңгейін анықтау үшін оқушыларға «Сенің жұмысыңның өзіндік бағасы (өзін-өзі бағалау) қойылатын қорытынды бағамен (мұғалімнің қойған бағасымен) қаншалықты жиі сәйкес келеді?»



сұрағы қойылды. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың төрттен бірі (26%) олардың өзін - өзі бағалауы *әрдайым* мұғалімдердің бағалау нәтижелерімен сәйкес келеді деп жауап берсе, жартысы (51%) —*көп жағдайда* деп жауап берді.


Сонымен қатар, әрбір бесінші оқушы (19%) өз жұмысын өзіндік бағалауы тек *кейде* ғана мұғалімнің бағалауымен сәйкес келеді деп жауап берді. Бұл білім алушылар арасында өзін - өзі және өзара бағалау дағдыларын одан әрі жетілдірудің маңыздылығын көрсетеді (17-сурет).

**16-сурет. Оқушылардың «Сенің жұмысыңның өзіндік бағасы (өзін-өзі бағалау) қойылатын қорытынды бағамен (мұғалімнің қойған бағасымен) қаншалықты жиі сәйкес келеді?» сұрағына жауаптары / %**



Сондай-ақ, оқушыларға сабақта өзара бағалау жүргізу нысандары туралы сұрақ қойылды. Нәтижелер көрсеткендей, оқушылардың 38% -ы сабақта өзара бағалау жұпта да, топта да жүргізіледі деп жауап берді. Оқушылардың үштен бірі (32%) сыныптастарының жұптық жұмыстарын сабақта жиі бағалайтынын айтты (18-сурет).

**17-сурет. Оқушылардың «Сабақтарда өзара бағалау қандай формада жиі жүргізіледі?» сұрағына жауаптары / %**



Сауалнама аясында оқушыларға өзін - өзі бағалау және өзара бағалау кезіндегі кездестіретін қиындықтары туралы сұрақтар қойылды.

Жауаптарды талдау көрсеткендей, **білім алушылар арасында өзін - өзі бағалау және өзара бағалау кезінде ең көп кездесетін қиындық – өз жұмысында және сыныптастарының жұмысында қателіктер табу екені анықталды (41%).**

Оқушылардың тең үлесі бағалау өлшемшарттарын, сондай-ақ өлшемшарттардың, дескрипторлардың және тапсырмалардың арақатынасын анықтауда қиындықтарға тап болады (сәйкесінше 17% және 16%).

Іс жүзінде әрбір бесінші оқушы (19%) өзін - өзі және өзара бағалауды жүргізуде қиындықтарды кездестірмейді.

Оқушылардың төрттен бірі (24%) өз жұмыстарын және сыныптастарының жұмысын бағалауды ұнататынын, бірақ оны жақсырақ жасауды үйренгісі келетінін атап өтті. Бұл оқушылардың бағалау дағдыларын игеруге деген ынтасы жоғары екенін көрсетеді, бұл осы дағдылар мен біліктіліктерді игеру үдерісіне оң әсер етеді (19-сурет).

*18-сурет. Оқушылардың «Өз жұмысыңды және сыныптастарыңның жұмысын бағалауда қандай қиындықтар туындайды?» сұрағына жауаптары/%*





### Жалпы ақпарат

**Тілі.** Сауалнамаға еліміздің 20 өңірінен барлығы 685 педагог қатысты. Мұғалімдердің көпшілігі (61% немесе 420) сауалнаманы қазақ тілінде, ал қалған 39% (265 адам) оны орыс тілінде өтті.


**Жынысы.** Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің көпшілігі әйелдер (93%).

**Оқыту тілі.** Педагогтердің көпшілігі қазақ тілінде оқитын сыныптарда сабақ береді (60,3% немесе 413). 230 педагог (33,6%) орыс тілінде оқитын сыныптарда, 37 (5,4%) қазақ және орыс тілдерінде оқитын сыныптарда, 5 (0,7%) басқа тілде оқитын сыныптарда сабақ беретінін атап өтті.

**Біліктілік санаты.** Сауалнамаға 129 педагог және педагог-тағылымдамашы (18,8%), 130 педагог-модератор (19%), 209 педагог-сарапшы (30,5%), 201 педагог-зерттеуші (29,3%) және 16 педагог-шебер (2,3%) қатысты.

**Педагогикалық еңбек өтілі.** Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің жоғары үлесі үлкен жұмыс өтіліне ие – 20 жылдан астам (276 адам немесе 40,3%), 16 жылдан 20 жылға дейін (104 адам немесе 15,2%), 11 жылдан 15 жылға дейін (123 адам немесе 18%). Тәжірибесі аз мұғалімдердің сауалнамаға қатысу сипаттамасы келесідей: 3 жылға дейінгі тәжірибесі бар 60 мұғалім (8,8%), 54 мұғалім – 4 жылдан 6 жылға дейін (7,9%) және 68 мұғалім – 7 жылдан 10 жылға дейін (9,9%) (20-сурет).


19-сурет. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдер туралы жалпы ақпарат / %



**Мектептің орналасқан жері.** Сауалнамаға 396 қалалық (57,8%) және 289 ауылдық мұғалім (42,2%) қатысты.

**Аймақтар.** Педагогтер арасынан сауалнамаға қатысушылардың ең көп саны Павлодар, Жетісу және Батыс Қазақстан облыстарында тіркелді (21-сурет).

*20-сурет. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдер туралы жалпы ақпарат/  
тұратын аймақ бойынша / адам.*



## Критериалды бағалаудың пайдасы

Сауалнама және орта білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшыларының қатысуымен өткен фокус-топтық пікірталастар барысында критериалды бағалау олардың педагогикалық тәжірибесіне қалай әсер ететіні талқыланды.

Атап айтқанда, мұғалімдердің сауалнамаларында өлшемшарттар негізінде бағалау келесі бөлімдер бойынша көмектеседі ме деген сұрақ болды:

- оқушылардың оқу үдерісіне оң көзқарасын қалыптастыру;
- оқушыларға оқу мақсаттарына жетуге көмектесу;
- оқушылардың оқу бағдарламасын меңгерудегі үлгерімін қадағалау;
- оқушылардың біліміндегі олқылықтарды уақтылы түзету;
- оқу үдерісінде әр оқушыға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- білім алушылардың білім жетістіктерін объективті және ашық түрде бағалау.


Нәтижелерді талдау көрсеткендей, мұғалімдердің шамамен 80% - ы критериалды бағалау оқушылардың оқуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға, оқу мақсаттарына жетуге, оқу бағдарламасын меңгерудегі ілгерілеуді бақылауға және олардың білім жетістіктерін объективті бағалауға көмектеседі деп санайды.

Алайда, бағалау оларға оқушылардың біліміндегі олқылықтарды уақтылы түзетуге және оқу үдерісінде әр оқушыға жеке тәсілді қолдануды қамтамасыз етуге көмектеседі деп жауап берген мұғалімдердің үлесі салыстырмалы түрде төмен. Сауалнамаға қатысқан төрт мұғалімнің үшеуі (75%) осылай жауап берді (22-сурет).

Фокус-топтық пікірталастарда талқылау барысында мұғалімдердің көпшілігі бағалау жүйесін жетілдіру бойынша қабылданған стратегиялық шаралар оң нәтиже бергенін атап өтті.

Олар критериалды бағалауды енгізу бағалау үдерісін едәуір жақсартып, оны объективті және ашық ете түскенін атап өтті. Дәлірек айтқанда, нақты және өлшенетін бағалау өлшемшарттарының болуы білім алушылар мен олардың ата-аналарына не үшін қандай да бір бағаның қойылғанын түсінуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, мұғалімдердің пікірінше, өлшемшарттарға негізделген бағалау оларға оқушылардың үлгерімін тиімдірек бақылауға және белгілі бір тақырыптар немесе бөлімдер бойынша қиындықтар туындаған жағдайда оларға уақтылы қолдау көрсетуге көмектеседі (2-кірістірме).

21-сурет. Мұғалімдердің «Критериалды бағалау Сізге төменде көрсетілген әрекеттер бойынша көмектеседі деп ойлайсыз ба?» сұрағына жауаптары/ %



2-кірістірме. Педагогтердің критериалды бағалаудың олардың педагогикалық тәжірибесіндегі пайдасы туралы пікірлері



«Менің ойымша, критериалды бағалауды енгізу бағалаудың объективтілігіне әкелді және ол баланы жетістікке жетуге ынталандырады. Егер бұрын дәстүрлі бағалау кезінде үздік оқушыға автоматты түрде жоғары баға берілсе, қазір оқушылар мен олардың ата-аналары әр баллдың не үшін алынғанын анық көреді» (респондент N- мектеп басшысы)

«Критериалды бағалау оқушыларға өзін - өзі бағалауды және өзара бағалауды үйренуге, білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көруге, әрі қарай қалай дамуға болатындығын түсінуге көмектеседі» (респондент N - директордың орынбасары)

«Оқушылардың өздері өздерін бағалай алады [ескерт. - өзін-өзі бағалау

шеңберінде], яғни, бала өзіне ұпай қояды және ол қай жерде қателіктер бар екенін және немен жұмыс істеу керектігін көреді. Ата-аналар баласының не үшін ұпай жинағанын түсінеді» (респондент N – бастауыш сынып мұғалімі)

## Критериалды бағалау саласындағы педагогтердің дағдылары

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды сапалы іске асыру үшін осы саладағы педагогтердің кәсіби дағдылары маңызды мәнге ие.

Сауалнама аясында мұғалімдерге өздерінің бағалау дағдыларын қалай бағалайтыны туралы сұрақ қойылды. Жауаптарды талдау көрсеткендей, мұғалімдердің көпшілігі (шамамен 70%) өздерінің формативті және жиынтық бағалау бойынша дағдыларын жоғары бағалайды.

Критериалды бағалаудың екі түрінің біреуінде қиындықтарды кездестіретін мұғалімдер арасында жиынтық бағалауды тиімді жүзеге асыратын мұғалімдер саны көп, бірақ оларда формативті бағалауды жүргізуде қиындықтар туындайды (14%). Формативті бағалауды тиімді жүзеге асырады деп санайтын, бірақ жиынтық бағалауды жүргізу қиынға соғатын мұғалімдердің үлесі тек 9% құрады (23-сурет).

22-сурет. Мұғалімдердің «Өзіңіздің критериалды бағалау бойынша дағдыларыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптары / %




Мәселені тереңірек зерттеу үшін біліктілік санаттары, мектептің орналасқан жері және оқыту тілі бойынша мұғалімдердің жауаптарына талдау жүргізілді.

### Біліктілік санаты

Біліктілік санаты бойынша мұғалімдердің жауаптарын талдау жоғары санатты мұғалімдер өздерінің жиынтық және формативті бағалау дағдыларына сенімдірек екендігін көрсетті. Осылайша, **4 педагог-шеберлер мен педагог-зерттеушілердің 3-і критериалды бағалауды тиімді жүзеге асырып жатқандығы жайлы жауап берді. Тиісінше, «педагог» санаты бар мұғалімдердің жиынтық және формативті бағалауды тиімді жүргізетіндігі туралы жауап бергендердің үлесі төмен және 64% құрады.**

Сондай-ақ, мұғалімдердің біліктілік санаты неғұрлым жоғары болса, олар соғұрлым жиынтық бағалау жүргізуде қиындықтарға тап болады («педагог», «педагог – тағылымдамашы» -12,4%, «педагог – шебер» - 0). Формативті бағалауға келетін болсақ, оны жүзеге асыруда қиындық туындайды деп көрсеткен мұғалімдердің үлесі «педагогтер» мен «педагог-шеберлер» арасында бірдей (сәйкесінше 13,2% және 12,5%). Бұл педагогтерге біліктілік санатына қарамастан формативті бағалауды жүзеге асыру үшін қосымша әдістемелік қолдау көрсету қажеттілігін көрсетеді (24-сурет).

**23-сурет. Мұғалімдердің «Өзіңіздің критериалды бағалау бойынша дағдыларыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптары /біліктілік санаты/ %**





### Мектептердің орналасқан жері

Мектептердің орналасуы бойынша мұғалімдердің жауаптары қалалық мектеп мұғалімдерінің ішкі бағалауды жүзеге асыру дағдыларына сенімдірек екендігін көрсетті, бірақ айырмашылық өте үлкен емес (сәйкесінше 73% және 66%) (25-сурет).

24-сурет. Мұғалімдердің «Өзіңіздің критериялды бағалау бойынша дағдыларыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптары /мектептің орналасқан жері/ %




### Оқыту тілі

Тек қазақ немесе орыс тілінде оқитын сыныптарда сабақ беретін педагогтер өздерінің жиынтық және формативті бағалауды (70% - дан астам) жүзеге асыру дағдыларына сенімді.

Бұл ретте қазақ және орыс тілдерінде оқитын сыныптарды оқытатын педагогтер арасында көрсеткіш айтарлықтай төмен (54%). Әсіресе формативті бағалауды жүзеге асыру оларға қиындық туғызады. Бұған себеп – әртүрлі тілде оқытылатын сыныптарда күнделікті оқыту мен бағалау мұғалімнің оқу материалдарындағы, тапсырмалар мен ресурстардағы тілдік айырмашылықтарды ескере отырып, дайындықты күшейтуді талап етуі болып табылады (26-сурет).

*25-сурет. Мұғалімдердің «Өзіңіздің критериалды бағалау бойынша дағдыларыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптары /сыныптарды оқыту тілі/ %*



### Жиынтық бағалауды жүзеге асырудағы қиындықтар

Жиынтық бағалау – оқу бағдарламасының (БЖБ) бөлімдерін зерделеу аяқталғаннан кейін және оқу тоқсанының (ТЖБ) соңында білім алушылардың білімін игеру деңгейін және дағдыларын қалыптастыруды айқындайтын бағалау. Жиынтық бағалаудың екі түрі де сараланған тәсілді ескере отырып, мұғалімдердің көп деңгейлі тапсырмаларды әзірлеуін қамтиды.

Сыныпта бағалауды тиімді және табысты іске асыру жолында туындайтын кедергілерді зерделеу үшін мұғалімдерге жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен жүргізудегі қиындықтарға қатысты бірқатар сұрақтар ұсынылды.

Атап айтқанда, мұғалімдерге «Бөлімнің/тоқсанның жиынтық бағалауына қатысты келесі әрекеттер Сізге қиындық тудырады ма?» деген сұрақ қойылды. Жауап нұсқалары ретінде келесі әрекеттер ұсынылды:

- БЖБ және ТЖБ-ға байланысты оқу мақсаттарын таңдау;
- Оқу мақсаттарына сәйкес БЖБ-ға арналған бағалау өлшемшарттары мен тапсырмаларын әзірлеу;
- Оқу мақсаттарына сәйкес ТЖБ-ға арналған бағалау өлшемшарттары мен тапсырмаларын әзірлеу;

- Бағалау өлшемшарттарына сәйкес БЖБ дескрипторларын әзірлеу;
- БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын жоғары дәрежелі дағдыларды бағалауға жасау – талдау, синтез, бағалау;
- БЖБ және/немесе ТЖБ-ның оқыту мақсаттарын ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін таңдау және бейімдеу;
- Бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен және тапсырмалармен сәйкестендіру (тапсырмалардың объективтілігін, сенімділігін және дұрыстығын қамтамасыз ету);
- Оқушылар орындаған тапсырмалар бойынша жазбаша және / немесе ауызша сапалы кері байланыс беру;
- Бағалау рубрикаларын жасау;
- Модерация жүргізу.

Мұғалімдер БЖБ және/немесе ТЖБ өткізу үшін оқу мақсаттарын таңдауда ең аз қиындықтарды кездестіреді. Осылайша, сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің үштен екісі (66,3%) бұл әрекеттерді орындауда қиындық кездестірмейтінін атап өтті.

Сонымен қатар, ЕББҚ бар оқушылар үшін бұл әрекетті орындау кезінде мұғалімдерде айтарлықтай қиындықтар туындайды. Мұғалімдердің жартысы әртүрлі дәрежеде (*ішінара* – 25,1%, *толық көлемде* – 24,5%) ЕББҚ бар білім алушылар үшін БЖБ немесе ТЖБ үшін оқу мақсаттарын таңдау және бейімдеу кезінде қиындықтарға тап болғанын айтты. Мұндай нәтижелер әлемде де, Қазақстанда да ЕББҚ бар балалар санының өсу үрдісімен байланысты. Мәселен, 2016-2021 жылдар аралығында жалпы білім беретін сыныптарда оқитын ЕББҚ бар балалардың саны елде 20,5% - ға өсті. Тиісінше, мұғалімдер ЕББҚ бар балаларды оқытуда кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие болуы керек және олардың физикалық, психоэмоционалды, интеллектуалды немесе басқа ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларды ашық және тиімді бағалауды жүзеге асыру үшін кең педагогикалық құралдарды білуі керек.


Жиынтық бағалау аясында жұмыстың басқа бағыттарының арасында келесі қиындықтар анықталды.

Педагогтердің жартысы жоғары тәртіп дағдыларын бағалауға БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын дайындауда қиындықтарға тап болғанын атап өтті (*ішінара* – 26,9%, *толық көлемде* – 23,5%).

Респонденттердің 44% – ы бағалау рубрикаларын құруда әртүрлі дәрежедегі қиындықтарды кездестіретіні туралы айтты (*ішінара* – 23,6%, *толық көлемде*-20,6%).

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 40% - ға жуығы бағалау өлшемшарттары мен БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу, бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен және тапсырмалармен сәйкестендіру және модерация жүргізу кезінде ішінара немесе толығымен қиындықтарды кездестіреді (27-сурет).

26-сурет. Мұғалімдердің «Бөлімнің/тоқсанның жиынтық бағалауына қатысты келесі әрекеттер Сізге қиындық тудырады ма?» сұрағына жауаптары / %



Алынған нәтижелер мұғалімдерге жиынтық бағалау аясында жекелеген іс-әрекеттерді орындау бөлігінде қолдау қажет екенін көрсетеді. Әдістемелік қолдаудың жеке бағыты ЕББҚ бар білім алушылар үшін БЖБ/ТЖБ бойынша оқыту мақсаттарын таңдауға және бейімдеуге, жоғары тәртіп дағдыларын бағалау бойынша ТЖБ және БЖБ тапсырмаларын жасауға, бағалау рубрикаларын жасауға және т. б. бағытталуы тиіс.

*Толығырақ нәтижелер алу үшін бұл мәселе келесі сипаттамалар бойынша талданды: біліктілік санаты, мектептің орналасқан жері, мұғалімдердің оқыту тілі.*

### ***Біліктілік санаты***

Педагогтердің біліктілік санаттары бойынша жауаптарын талдау көрсеткендей, педагогтердің санаты неғұрлым жоғары болса, олардың бөлім / тоқсан бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша әрекеттері соғұрлым аз қиындық тудырады.

Ерекше жауаптарды қамтыған мұғалімдердің «педагог», «педагог-тағылымдамашы» санаттарының жауаптары болды. Бастапқы санаттағы мұғалімдердің жиынтық бағалау жүргізу бойынша іс-қимылдың қиындығы жоқ деп жауап берген үлесі педагог-модераторларға қарағанда жоғарырақ. Мұндай нәтижелер жас мұғалімдердің өздерінің педагогикалық қызметінің ағымдағы іске асырылып қойған және қалыптасқан критериалды бағалау жүйесінде бастағанына байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл Даннинг-Крюгер әсерінен туындауы мүмкін (*кәсіптің алғашқы сатысындағы мамандар кәсіби тәжірибенің жеткіліксіздігіне байланысты өз қабілеттерін асыра бағалайтын когнитивті бұрмалау*).

Педагог-зерттеушілер мен педагог-шеберлер өздерінің жиынтық бағалаудың әртүрлі кезеңдерін өткізу дағдыларына барынша сенімді, бұл мұғалімдердің осы санаттарының үлкен педагогикалық тәжірибесі мен кәсіби шеберлігіне байланысты.

Педагогтердің жауаптарына сәйкес педагог-модераторлардың 57% - ы БЖБ және / немесе ТЖБ үшін оқу мақсаттарын таңдау қиындық тудырмайтыны анықталды, ал ең жоғары біліктілік санатындағы педагогтер арасында көрсеткіш айтарлықтай жоғары және 94%-ды құрады.

ТЖБ және / немесе БЖБ үшін оқу мақсаттарын ЕББҚ бар оқушыларға таңдау және бейімдеу туралы айтатын болсақ, жұмыстың осы бағыты бойынша қиындықтарға тап болмайтын педагог-модераторлардың үлесі педагог-

шеберлер арасындағы көрсеткіштің жартысына жуығын құрайды (тиісінше 44% және 81%).


Жоғары тәртіпті дағдыларды бағалауға (талдау, синтез, бағалау) БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын жасау педагог-модераторлардың 42%, педагог-сарапшылардың 48%, педагог-зерттеушілердің 53%-ы және педагог-шеберлердің 69%-да қиындық туғызбайды.

Бағалау өлшемшарттарына сәйкес БЖБ бойынша дескрипторларды әзірлеу педагог-модераторлардың 45%-да, педагог-сарапшылардың 39%-да, педагог-зерттеушілердің 32%-да және педагог-шеберлердің тек 13%-да әртүрлі дәрежеде қиындықтар туғызады.

Педагог-модераторлардың шамамен 46% - ы тапсырмалардың объективтілігін, шынайылығын және дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен және тапсырмалармен сәйкестендіруде қиындық көрмейтіндерін атап өтті. Педагог-модераторлар арасында 4 респонденттің 3-і осылай жауап берді.

Сонымен қатар, педагог-шеберлердің ең үлкен қиындығы оқушылар орындаған тапсырмалар бойынша сапалы жазбаша немесе ауызша кері байланыс беру болып табылады – осы санаттағы мұғалімдердің шамамен 38% – ы сол бойынша әртүрлі қиындықтардың болуын атап өтті (*ішінара* – 12,5%, *толық көлемде* –25%) (28-сурет).

27-сурет. «Бөлімге/тоқсанға жиынтық бағалауды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты іс-әрекеттер олар үшін қиындықтар туғызбайды» деп жауап берген педагогтердің үлесі / біліктілік санаты / %



### Мектептің орналасқан жері

Қалалық мұғалімдер жиынтық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу аясындағы қызметтердің әр бағыты бойынша қиындықтарды азырақ кездестіреді.

Қалалық және ауылдық педагогтердің жауаптарындағы ең үлкен алшақтық оқыту мақсаттарына сәйкес бағалау өлшемшарттары мен ТЖБ

тапсырмаларын, бағалау өлшемшарттарына сәйкес БЖБ дескрипторларын әзірлеу, сондай-ақ жоғары тәртіп дағдыларын бағалауға БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын жасау бойынша байқалады. Осылайша, бағалау өлшемшарттарына сәйкес БЖБ үшін дескрипторларды әзірлеуде қиындықтар жоқ деп жауап берген қалалық мұғалімдер үлесі 65% құрады. Бұл ауыл мұғалімдерінің жауап көрсеткішінен 9% жоғары (6-кесте).

*6-кесте. Мұғалімдердің «Бөлімнің/тоқсанның жиынтық бағалауына қатысты келесі іс-әрекеттер Сізге қиындық тудырады ма?» сұрағына жауаптары/ мектептің орналасқан жері / %*

«Бөлімнің/тоқсанның жиынтық бағалауына қатысты келесі әрекеттер Сізге қиындық тудырады ма?»	қала				ауыл			
	Иә	Жоқ	Ішінара	Жауап беруге қиналамын	Иә	Жоқ	Ішінара	Жауап беруге қиналамын
<i>БЖБ және ТЖБ-ға байланысты оқу мақсаттарын таңдау</i>	17,2	68,7	13,9	0,3	22,1	63	14,9	0
<i>Оқу мақсаттарына сәйкес БЖБ-ға арналған бағалау өлшемшарттары мен тапсырмаларын әзірлеу</i>	17,4	62,1	19,9	0,5	24,2	57,4	18	0,3
<i>Оқу мақсаттарына сәйкес ТЖБ-ға арналған бағалау өлшемшарттары мен тапсырмаларын әзірлеу</i>	18,4	61,1	21,7	0,8	26	53,6	19,4	1
<i>Бағалау өлшемшарттары сәйкес БЖБ дескрипторларын әзірлеу</i>	15,4	65,4	18,2	1	24,6	56,1	19	0,3
<i>БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын жоғары дәрежелі дағдыларды бағалауға жасау - талдау, синтез, бағалау</i>	20,5	51,8	27,3	0,5	27,7	45,3	26,3	0,7
<i>БЖБ және/немесе ТЖБ-ның оқыту мақсаттарын ерекше білім беру</i>	21	48,2	27	3,8	29,4	46,7	22,5	1,4



<i>қажеттіліктері бар білім алушылар үшін таңдау және бейімдеу</i>								
<i>Бағалау өлшемшарттарын дескрипторлармен және тапсырмалармен сәйкестендіру (тапсырмалардың объективтілігін, сенімділігін және дұрыстығын қамтамасыз ету)</i>	18,9	55,6	24,5	1,8	23,5	55	18,7	2,8
<i>Оқушылар орындаған тапсырмалар бойынша жазбаша және / немесе ауызша сапалы кері байланыс беру</i>	14,1	65,2	18,7	2	21,1	61,2	16,3	1,4
<i>Бағалау рубрикаларын жасау</i>	18,4	54,8	25	1,8	23,5	53,3	21,8	1,4
<i>Модерация жүргізу</i>	15,9	58,8	23,5	1,8	24,6	57,1	16,6	1,7

### *Оқыту тілі*

Қазақ тілінде оқитын сыныптарда сабақ беретін педагогтер, жалпы алғанда, жиынтық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша түрлі іс-әрекеттерді жүзеге асыруда қиындықтарға тап болады.


Жауаптардағы ең үлкен алшақтық БЖБ және / немесе ТЖБ өткізу үшін оқыту мақсаттарын таңдау бойынша байқалады. Осы іс-әрекетті іске асыру кезінде қиындықтар жоқ деп жауап берген орыс тілінде оқытатын педагогтердің үлесі – 74%, ал қазақ тілінде – 63%, аралас (қазақ және орыс тілдерінде) – 65% құрады.

БЖБ және ТЖБ ұйымдастыру және өткізу шеңберіндегі жұмыстың қалған бағыттары бойынша қазақ және орыс тілдерінде оқитын сыныптарды оқытатын педагогтердің жауаптарындағы айырмашылық елеулі болып табылмайды және 7%-дан аспайды.

Сонымен қатар, мұғалімдердің оқушылар орындаған тапсырмалар бойынша сапалы жазбаша немесе ауызша кері байланыс беруге қатысты жауаптарының нәтижелері ерекшеленеді. Қызметтің бұл бағыты қазақ тілінде оқытатын мұғалімдердің 65%-да, орыс тілінде оқытатын мұғалімдердің 63%-да қиындық туғызбайды, бұл ретте қазақ тілінде де, орыс тілінде де оқытатын педагогтер арасында көрсеткіш тек 49%-ы құрады (29-сурет).

Осылайша, нәтижелер бағалау бойынша қосымша оқыту курстарын ұйымдастыру, бағалау саласындағы әдістемелік әзірлемелердің қазақ тіліндегі мазмұнының көлемін ұлғайту арқылы қазақ тілінде оқытатын педагогтерге күшейтілген әдістемелік көмек көрсету қажеттігін айғақтайды.

**28-сурет. «Бөлімге/тоқсанға жиынтық бағалауды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты іс-әрекеттер олар үшін қиындықтар туғызбайды» деп жауап берген педагогтердің үлесі / оқыту тілі / %**



Фокус-топтық пікірталастар барысында мұғалімдердің БЖБ/ТЖБ ұйымдастыру және өткізу кезіндегі қиындықтары туралы қосымша жауаптары алынды (3-кірістірме).

### 3-кірістірме. Мұғалімдердің жиынтық бағалауды жүзеге асырудағы қиындықтары туралы пікірлері

“ *Менің ойымша, жиынтық тапсырманы құру қиынырақ, өйткені онда мақсат қоюды өзгерте алмаймыз, ал формативті бағалауда мақсат қоюды өзгерте аламыз, сол себепті бұл икемдірек тәсіл» (респондент N – мұғалім)*

○ *«Оқушылар күнделікті формативті бағалау барысында жоғары, жақсы баға алатын кездері болады, бірақ жиынтық бағалау кезінде олар төмен ұпай жинап қалатын кездері де болады. Жиынтық балл оқушының жалпы бағасының 50% - н алатындықтан, ол қорытынды бағалауда қандай балл шығатынына да әсер етеді, бұл, әрине, оқушының бағасының төмендеуіне әкеледі» (респондент N – тарих пәнінің мұғалімі)*

○ *«Біз мұғалім қосымша міндетті оқу мақсатын қосу сияқты кішігірім өзгерістер енгізе алатындығы туралы техникалық сипаттама ұсынамыз (жиынтық бағалауға). Сонда тапсырмалар стандартты емес және үлгі бойынша болмас еді, ал мұғалім өз шығармашылығын көрсете алар еді» (респондент N – биология пәнінің мұғалімі)*

”

### Формативті бағалауды жүзеге асырудағы қиындықтар

Формативті бағалау – критериалды бағалау жүйесінің негізгі элементі, оның аясында білім алушылардың білімін игерудің және дағдыларын қалыптастырудың ағымдағы деңгейі тексеріледі. Жиынтық бағалаудың нәтижесі формативті бағалаудың қалай ұйымдастырылғанына байланысты.

Бағалаудың бұл түрі мұғалімге оқушының жеке жетістіктері мен ілгерілесі туралы толық көрініс алуға мүмкіндік береді, сондықтан жиынтық бағалау жүргізілгенге дейін оқу үдерісін уақтылы түзетуге және білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюға көмектеседі. Формативті бағалауды жүзеге асыруда мұғалімдердің қиындықтарын зерттеу үшін сауалнамалар келесі сұрақты қамтыды: «Формативті бағалауды ұйымдастыруға

және жүргізуге қатысты келесі әрекеттер Сізге қиындық тудырады ма?». Жауап нұсқалары ретінде келесі әрекеттер ұсынылды:

– оқу бағдарламасының мақсаттарын сабақ мақсаттарына түрлендіру;

– сабақтың басында сұрақтың/мәселенің қойылуы;

– сабақтың мақсаттарына сәйкес бағалау өлшемшарттарын (критерийлерін) әзірлеу;

– білім алушыларға бағалау өлшемшарттарын түсіндіру;

– бағалау өлшемшарттарына сәйкес дескрипторларды әзірлеу;

– формативті бағалаудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдану;

– жоғары дәрежелі дағдыларды бағалауға арналған тапсырмаларды жасау (талдау, синтез, бағалау);

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар және/немесе төмен академиялық нәтижелері бар білім алушыларды формативті түрде бағалау;

– оқушылар арасында өзін-өзі және өзара бағалауды ұйымдастыру;

– оқушылардың орындаған тапсырмалары бойынша жазбаша және/немесе ауызша сапалы кері байланысты қамтамасыз ету;

– бағалау рубрикаларын құрастыру;

– сыныптағы оқушылардың жеке үлгерімін бақылау;

– сабақтың әртүрлі кезеңдерінде оқушылар арасында рефлексия ұйымдастыру;

– өткізілген сабақтан кейінгі өзіндік рефлексия.

Жауаптарды талдау көрсеткендей, жиынтық бағалау сияқты, **мұғалімдер ЕББҚ бар және / немесе академиялық нәтижелері төмен оқушыларды формативті бағалауда үлкен қиындықтарға тап болады.** Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің тек 42% - ы жоғарыда аталған іс-шаралар оларға қиындық туғызбайды деп жауап берді, ал мұғалімдердің 28%- ы ЕББҚ бар балаларды формативті бағалауда *ішінара* қиындықтардың бар екенін көрсетті. Респонденттердің ұқсас саны (27%) ЕББҚ бар және / немесе академиялық нәтижелері төмен оқушыларды формативті бағалауда *толықтай* түрлі қиындықтарды кездестіретінін атап өтті.

Фокус-топтық пікірталастар аясында ЕББҚ бар балаларды бағалаудың қиындықтары туралы мәселе нақтыланды. Мұғалімдер инклюзивті сыныптарда бағалау тәжірибесімен, сондай-ақ олар кездестіретін қиындықтармен бөлісті. Негізінен, ЕББҚ бар оқушыларға бағалау өлшемшарттарын, дескрипторларды және тапсырмалардың өзін жасау қиынға соғатыны анықталды (4-кірістірме).

4-кірістірме. Мектеп басшылары мен педагогтердің ЕББҚ бар оқушылармен жұмыс туралы пікірлері

- «ЕББҚ бар баланың сабақтың мақсатына жетуде жеке бағыты болуы керек, бұл бағытты мұғалімге нысықтау өте қиын» (респондент N – мектеп директорының орынбасары)
  - «Мен ЕББҚ бар балаға арнайы барлық қадамдарды жазып шығамын. Оның сөйлеу қиындықтарына байланысты диагнозы бар, сондықтан мен оған тапсырмаларды бейімдеймін және сәйкесінше өз өлшемшарттарым бойынша бағалаймын» (респондент N – мұғалім)
  - ЕББҚ бар оқушыларды бағалау үшін бізде бағалау өлшемшарттары әртүрлі және жеңілдетілген. Сонымен қатар, БЖБ және ТЖБ бойынша тапсырмалар да, жұмыстар да салыстырмалы түрде жеңілдетілген түрде әзірленеді» (респондент N – мұғалім)
  - «Біздің мектепте ЕББҚ бар тек екі оқушы ғана болса да, біздің мұғалімдер инклюзивті білім беру курстарынан өтті. Сондай-ақ қысқа мерзімді сабақ жоспарларында тапсырмалар мен дескрипторлар олар үшін бөлек жасалады» (респондент N – мектеп директоры)
  - «ЕББҚ бар балаларды бағалау туралы айтсам, мен химия мұғалімдерінің курстарында болдым және көптеген мұғалімдер ЕББҚ бар оқушылар мен үлгерімі төмен балалар арасындағы айырмашылықты түсінбейді ... Сондықтан мұғалімдерге мұндай тапсырмаларды ойлап табу қиын, олар баланың диагнозын білмеуі мүмкін, сондай-ақ, бұл баланың қандай диагнозы бар екенін білмеуі де мүмкін» (респондент N – мектеп директоры)
  - «ЕББҚ бар балаларды бағалау қиынырақ, олар үшін дескрипторларды, тапсырмаларды, қандай балл қою керектігін жеке таңдау керек, бір сабақта мұғалімге мұның бәрін қадағалау қиын» (респондент N – мұғалім)
  - «Бұл кешегі де, бүгінгі де тақырып емес, бұл бізде әрқашан болған тақырып...жаңартылған бағдарламаның мақсаты – барлық оқушыларды сабақтың мақсаттарына тарту. Егер мұғалімдер сабақтың мақсатына назар аударса, мақсаттар әр балаға жұмыс істеуі үшін жеткілікті болар еді. Ал жалпы алғанда, ЕББҚ бар оқушыларды бағалаудағы басты мәселе – бағалау өлшемшарттарын таңдау» (респондент N - директордың орынбасары)


Формативті бағалау аясында қиындықтар туғызатын мұғалімдер қызметінің басқа кезеңдерінің ішінде жоғары дәрежелі дағдыларды бағалауға тапсырмалар құрастыруды бөліп көрсету керек. **Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің жартысынан сәл астамы (54%) бұл қызмет бойынша әртүрлі қиындықтарға тап болғанын атап өтті** (*ішінара – 29,1%, толық көлемде – 24,5%*). Бағалау рубрикаларын құру сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің жартысына жуығы үшін де қиындық туғызады (*ішінара – 24,7%, толық көлемде – 22,8%*).

Мұғалімдердің 38% - ы оқу бағдарламасының мақсаттарын сабақтың мақсаттарына түрлендіруде, 46% - ы сабақтың мақсаттарына сәйкес бағалау өлшемшарттарын әзірлеуде, 42% - ы бағалау өлшемшарттарына сәйкес дескрипторларды әзірлеуде, сондай-ақ білім алушыларға сапалы кері байланыс беруде қиындықтарға тап болады.

Бұдан шығатыны, мұғалімдерге формативті бағалауды жүзеге асыруда, атап айтқанда, ЕББҚ бар балаларды бағалауда және жоғары дәрежелі дағдылар деңгейін өлшеуге тапсырмаларды әзірлеуде қосымша әдістемелік және тәжірибелік қолдау қажет. Қолдау жоғарыда аталған қызметте педагогтердің кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған семинарлар, шеберсыныптар және басқа да іс-шаралар түрінде көрсетілуі мүмкін.

**Мұғалімдер сабақтың басында сұрақ / мәселе қою кезінде ең аз қиындықтарды кездестіреді.** Осылайша, сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің үштен екісі формативті бағалау аясындағы бұл кезең оларға қиындық тудырмайтынын атап өтті. Сонымен қатар, мұғалімнің 64% - ы оқушылар арасында өзін-өзі және өзара бағалауды ұйымдастыруда және жүргізуде қиындықтар жоқ деп жауап берді (30-сурет).

29-сурет. Мұғалімдердің «Формативті (күнделікті) бағалауға қатысты келесі әрекеттер Сізге қиындық тудырады ма?» сұрағына жауаптары/ %



Толығырақ нәтижелер алу үшін бұл мәселе келесі сипаттамалар бойынша талданды: біліктілік санаты, мектептің орналасқан жері, мұғалімдердің оқыту тілі.

### *Біліктілік санаты*

Мұғалімдер санаты неғұрлым жоғары болса, олар формативті бағалауды ұйымдастыру және жүргізу аясында жұмыстың көптеген бағыттары бойынша соғұрлым аз қиындықтар кездестіреді.

Ерекшелік мұғалімдердің «педагог», «педагог-тағылымдамашы» санаттарының жауаптары болды. Бастапқы санаттағы педагогтердің үлесі формативті бағалау жүргізу бойынша әрекеттер қиындық тудырмайды деп жауап берген педагог-модераторларға қарағанда жоғары. ұндай нәтижелер жас мұғалімдердің өздерінің педагогикалық қызметінің ағымдағы іске асырылып қойған және қалыптасқан критериалды бағалау жүйесінде бастағанына байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл Даннинг-Крюгер әсерінен туындауы мүмкін (*кәсіптің алғашқы сатысындағы мамандар кәсіби тәжірибенің жеткіліксіздігіне байланысты өз қабілеттерін асыра бағалайтын когнитивті бұрмалау*).

Мұғалімдердің біліктілігі неғұрлым жоғары болса, олар оқу бағдарламасының мақсаттарын сабақтың мақсаттарына түрлендіру, сабақтың басында сұрақ / мәселе қою, бағалау өлшемшарттарына сәйкес дескрипторларды әзірлеу, оқушылар арасында өзін-өзі және өзара бағалауды ұйымдастыру, сапалы кері байланыс беру, оқушылар арасында рефлексия ұйымдастыру және өзіндік рефлексия жүргізу кезінде соғұрлым азырақ қиындықтарға тап болады.

Педагог-зерттеушілер мен педагог-шеберлер өздерінің формативті бағалаудың әртүрлі кезеңдерін өткізу дағдыларына барынша сенімді, бұл мұғалімдердің осы санаттарының үлкен педагогикалық тәжірибесі мен кәсібилігіне байланысты.

Мысалы, педагог-модераторлардың жартысынан көбі оқу бағдарламасының мақсаттарын сабақтың мақсаттарына (56%) түрлендіру және сабақтың басында сұрақ / мәселе қою (54%) кезінде қиындықтар туындамайтынын айтты. Өз кезегінде, педагог-шеберлер арасында бұл көрсеткіштер айтарлықтай жоғары – 81%.


Педагог-модераторлардың жартысынан аз үлесі оқушылар арасында рефлексияны (46%) және сабақтан кейін өзіндік рефлексияны (47%) ұйымдастыру қиын емес деп санайды. Педагог-шеберлер арасында 4 респонденттің 3-і (75%) осылай жауап берді.

Педагогтердің сауалнамасының нәтижелері сабақтың мақсаттарына сәйкес бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және білім алушыларға осы өлшемшарттарды түсіндіру бойынша ерекшеленеді. Бұл іс-әрекет педагог-



зерттеушілерге қиындық туғызбайды, ал педагог-шеберлер арасында көрсеткіш сәл төменірек (31-сурет).

*30-сурет. Формативті бағалауды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты іс-әрекеттер олар үшін қиындықтар туғызбайды деп жауап берген педагогтердің үлесі / біліктілік санаты / %*



### *Мектептің орналасқан жері*

Егер жиынтық бағалауға қатысты ұқсас сұраққа жауаптардың нәтижелері бойынша ауыл мұғалімдері БЖБ және ТЖБ бойынша әртүрлі әрекеттерді орындау кезінде көбірек қиындықтар кездестіретіні анықталса, формативті бағалауға қатысты ондай айтарлықтай айырмашылықтар байқалмады. Ауылдық және қалалық мектептердің мұғалімдері формативті бағалаудың әртүрлі кезеңдерін ұйымдастыруда және өткізуде бірдей қиындықтарды кездестіреді (7-кесте).

*7-кесте. Мұғалімдердің «Формативті (күнделікті) бағалауға қатысты келесі әрекеттер Сізге қиындық тудырады ма?» сұрағына жауаптары/мектептің орналасқан жері/ %*

«Формативті (күнделікті) бағалауға қатысты келесі әрекеттер Сізге қиындық тудырады ма?»	қала				ауыл			
	Иә	Жоқ	Ішінара	Жауап беруге қиналамын	Иә	Жоқ	Ішінара	Жауап беруге қиналамын
Оқу бағдарламасының мақсаттарын сабақ мақсаттарына түрлендіру	18,4	63,6	17,2	0,8	22,5	58,5	18,3	0,7
Сабақтың басында сұрақтың/мәселенің қойылуы	17,7	68,4	13,4	0,5	17,3	66,1	14,9	1,7
Сабақтың мақсаттарына сәйкес бағалау өлшемшарттарын (критерийлерін) әзірлеу	23,5	53,8	22,5	0,3	23,9	52,2	21,8	2,1
Білім алушыларға бағалау өлшемшарттарын түсіндіру	18,7	64,5	15,4	1,3	23,5	60,6	14,9	1,0
Бағалау өлшемшарттарына сәйкес дескрипторларды әзірлеу	22,2	57,3	19,4	1,0	22,5	55,7	20,4	1,4
Формативті бағалаудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдану	22,2	60,1	16,9	0,8	23,2	60,6	15,9	0,3

<i>Жоғары дәрежелі дағдыларды бағалауға арналған тапсырмаларды жасау – талдау, синтез, бағалау</i>	23,0	45,2	31,6	0,3	26,6	45,3	25,6	2,4
<i>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және/немесе төмен академиялық нәтижелері бар білім алушыларды формативті түрде бағалау</i>	28,0	39,1	29,3	3,5	25,3	44,6	26,3	3,8
<i>Оқушылар арасында өзін-өзі және өзара бағалауды ұйымдастыру</i>	18,7	63,9	16,9	0,5	19,0	64,4	15,2	1,4
<i>Оқушылардың орындаған тапсырмалары бойынша жазбаша және/немесе ауызша сапалы кері байланысты қамтамасыз ету</i>	22,5	57,6	18,9	1,0	25,3	56,7	17,6	0,3
<i>Бағалау рубрикаларын құрастыру</i>	23,0	48,5	26,3	2,3	22,5	52,9	22,5	2,1
<i>Сыныптағы оқушылардың жеке үлгерімін бақылау</i>	23,5	56,6	18,9	1,0	20,1	58,5	21,1	0,3
<i>Сабақтың әртүрлі кезеңдерінде оқушылар арасында рефлексия ұйымдастыру</i>	20,7	55,3	16,4	2,5	19,0	61,2	18,3	1,4
<i>Өткізілген сабақтан кейінгі өзіндік рефлексия</i>	21,2	63,6	13,4	1,8	22,1	56,7	19,0	2,1

### **Оқыту тілі**


Жиынтық бағалау нәтижелеріндей, қазақ немесе аралас (қазақ және орыс) оқыту тілдері бар педагогтер формативті бағалаудың әртүрлі кезеңдерін ұйымдастыруда және өткізуде көп қиындықтарды кездестіреді.

Сабақтың басында сұрақ / мәселе қою бойынша жауаптарда салыстырмалы түрде үлкен алшақтық байқалады. Осы іс - әрекетті жүзеге асыруда қиындықтар жоқ деп жауап берген орыс тілінде оқытатын педагогтердің үлесі 76%, ал қазақ тілінде – 63%, аралас (қазақ және орыс тілдерінде) – 60% -ды құрады.

Өзін - өзі және өзара бағалауды ұйымдастыру орыс тілінде оқытын сыныптарда сабақ беретін мұғалімдердің 72% - да қиындық тудырмайды. Қазақ және аралас (қазақ және орыс) тілдері бар мұғалімдер арасында көрсеткіштер тиісінше 61% және 54% құрады.

Сонымен қатар бағалау өлшемшарттары мен дескрипторларды әзірлеуге қатысты мұғалімдердің жауаптарының нәтижелері ерекшеленеді. Қызметтің бұл бағыттары қазақ тілінде оқытатын мұғалімдерде 55% (бағалау өлшемшарттарын әзірлеу) және 60% (дескрипторларды әзірлеу), орыс тілінде оқытатын педагогтердің 51% және 53% -да қиындық туғызбайды, бұл ретте қазақ және орыс тілдерінде оқытатын педагогтер арасында көрсеткіштер сәйкесінше тек 49% және 46%-ы құрады (32-сурет).

**31-сурет. Формативті бағалауды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты іс-әрекеттер олар үшін қиындықтар туғызбайды деп жауап берген педагогтердің үлесі / оқыту тілі/ %**



Фокус-топтық пікірталастарды талдау нәтижелері жалпы алғанда мұғалімдерге жиынтық бағалаумен салыстырғанда формативті бағалауды жүзеге асыру қиынырақ екенін көрсетті.

Сонымен қатар, фокус-топтық пікірталастар аясында мұғалімдерге сыныпта бағалауды тиімді жүргізуге кедергі келтіретін факторларға қатысты сұрақ қойылды.

Осылайша, мұғалімдер барлық мұғалімдердің, әсіресе жаңадан келген мұғалімдердің критериалды бағалау туралы жеткілікті теориялық және практикалық білімі жоқ екенін атап өтті. Олардың пікірінше, бұл педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламаларының мазмұнында бағалау, тестология, сараланған тапсырмаларды құрастыру және т.б. пәндердің жеткіліксіз ұсынылғандығына байланысты (5-кірістірме)

#### 5-кірістірме. Мұғалімдердің формативті бағалауды жүзеге асырудағы қиындықтар туралы пікірлері

○ *«Жиынтық бағалау бойынша көптеген дайын жинақтар бар, оларды үлгі ретінде алуға болады, бұл ыңғайлы, ал формативті бағалау бойынша дайын үлгілер аз. Бұл жеке жұмыс болып табылады. Тәжірибесі жоқ мұғалімдерге бұл тұста қиынырақ» (респондент N – мұғалім)*

○ *«Аз тәжірибесі бар бастауыш сынып мұғалімі ретінде маған формативті бағалау жүргізу қиынға соғады. Біз сабақ әзірлеп жатқанда, әр тапсырма бойынша өлшемшарттар мен тиісті балл дайындауымыз керек. Яғни, бұл ойластырылған тапсырмалар мен ұпайлар болуы керек, бірақ менде кейде қиындықтар болады. Мысалы, сабақ аяқталғанда бір тапсырма бойынша тек 2-3 ұпай алатын кейбір оқушылар бар. Барлық оқушылар бағаланбайды және қажетті ұпайларды ала бермейді. Сонымен қатар, тапсырмалар мен ұпайларды оқу мақсаттарымен үйлестіру керек, бұл да аздап қиындық тудырады» (респондент N – бастауыш сынып мұғалімі)*

“  
○ «Көптеген мұғалімдерде критериалды бағалауға қатысты теориялық білім мен дайындық жеткіліксіз. Сонымен қатар, бізде жыл сайын жаңа жас мұғалімдер пайда болады, бірақ олардың бағалауға қатысты білімі әлі де әлсіз. Сонымен қатар, мұғалімдер зейнеткерлік жасқа жақындаған, олар ескі бағалау жүйесіне үйреніп қалғандықтан критериалды бағалауды түсінбейтін немесе қабылдамайтын жағдайлар да болады» (респондент N – мектеп директорының орынбасары)

○ «Мен үшке оқитын оқушыларға арналған тапсырмаларды әзірлеу қиын деп айтамын, өйткені оқу мақсатына жететіндей етіп тапсырмаларды құрастыру қиын. Біз тапсырма қарапайым болуы керек екенін түсінетін сияқтымыз, бірақ сонымен бірге мақсатқа жету керек, ал көптеген мұғалімдерге сабақтың мақсаттарын қайта құру қиын» (респондент N – бастауыш сынып мұғалімі)

○ «Жоғары оқу орындарының студенттерін даярлау, шынын айтқанда, жақсырақ болса екен дейміз. Олар тіпті критериалды бағалау жүйесінің негіздерін білмей, бірден практикаға келеді. Барлығы мектепте, тәжірибе арқылы және тәлімгер ретінде бізбен жұмыс істеу арқылы оқып үйренеді. Педагогикалық университеттерде кадрлар даярлауды күшейту қажет» (респондент N – директордың орынбасары) ”

Фокус-топтық пікірталастар барысында мұғалімдер көтерген жеке сұрақ **формативті бағалау үшін балл қою** тақырыбына арналды. Өздеріңіз білетіндей, бұған дейін қазақстандық мектептерде формативті бағалау белгіленбеген болатын. Алайда, пандемияға және ел деңгейінде қашықтықтан оқытуға көшуге байланысты формативті бағалау үшін балл қою туралы шешім қабылданды. Қазіргі уақытта дәстүрлі күндізгі оқу режиміне көшу аясында формативті бағалау үшін балл қою тәңірегінде пікірталас өзектендірілді.

Фокус-топтық пікірталастар барысында осы мәселе бойынша мұғалімдердің пікірлері екіге бөлінді. Осылайша, пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептерде сабақ беретін тәжірибелі мұғалімдер нақты формативті бағалауға оралуға бейім болып келеді. Олардың пікірінше, белгіленбейтін күнделікті бағалау критериалды бағалаудың «табиғатына» сәйкес келеді және оқушылардың оқу траекториясын түзету үшін мұғалімдерге шығармашылық және кәсіби еркіндік береді.

Өз кезегінде, қарама – қарсы пікірді білдірген мұғалімдер формативті бағалау үшін балл қою академиялық жетістіктері және уәждеме деңгейі төмен оқушылардың ынтасына әсер етудің ең күшті құралдарының бірі екенін атап өтеді.

Осылайша, пікірлердегі айырмашылықтар негізінен оқушылардың академиялық дайындығы мен уәждеме деңгейіне байланысты болды (6-кірістірме).

#### 6-кірістірме. Педагогтердің формативті бағалау үшін балл қою мәселесіне қатысты пікірлері

- *«10-баллдық жүйеге байланысты формативті бағалау ынталандыру және мотивациялық бағалаудан баллға айналды, ал бұл өз кезегінде критериалды бағалау қағидаларын бұзады. Біз балаға ұпай бергенде, олар өздері үшін емес, біз үшін алады, ішкі мотивацияны көрмейді» (респондент N – директордың орынбасары)*
- *«Мен кіші сыныптарда сабақ беремін және де мен баллдық жүйеге қарсымын, себебі білім тереңдігіне ұмтылмайды, тек белгілі бір ұпайды алуға ұмтылады» (респондент N – бастауыш сынып мұғалімі)*
- *«Баллдық есеп беру жүйесі мен формативті бағалау пандемия мен қашықтықтан оқыту кезеңінде ауызша бағалау мүмкін болмаған кезде өзекті болды, бірақ қазір бұл қажет емес» (респондент N – мұғалім)*
- *«Формативті бағалау өте маңызды, өйткені ол оқушыларды ынталандырады. Мен, мысалы, формативті бағалау үшін 10 баллдық шкаланы алып тастауға қарсымын, бұл оқушылардың ынтасына теріс әсер етеді» (респондент N – ағылшын тілі мұғалімі)*
- *«Пандемия кезінде біз «формативті» 10-баллдық шкала бойынша бағалай бастадық. Менің тәжірибемде бұл ауызша мотивация бергеннен гөрі тиімдірек тәсіл. Өйткені, біздің балалар жұмыс істегені үшін бір нәрсе алғысы келеді, белгілі бір ұпай алғысы келеді, бұл олар үшін ынталандыру формасы» (респондент N – орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі)*
- *«Иә, біз формативті бағалауға жиынтық тәсілдің қолданылатынын көреміз. Біз 10-баллдық шкала бойынша бағалаймыз ғой. Бірақ бұл балаларды ынталандырады, өйткені олар ұпайларды есептейді, ата-аналар ұпайларды есептейді, менің ойымша, формативті бағалаусыз мотивация әлсіз болады» (респондент N – бастауыш сынып мұғалімі)*



Жеке ілгерілемені қадағалау сонымен қатар критериалды бағалаудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан сауалнама аясында мұғалімдерге келесі ашық сұрақ қойылды: «Сіз оқушылардың жеке оқу үлгерімін қандай тәсілдермен/әдістермен қадағалайсыз?»

Мұғалімдер түрлі жауаптар берді. Ең жиі кездесетін жауаптар: бақылау, өзіндік жұмыс, ауызша және жазбаша сауалнамалар жүргізу, рефлексия үдерісін жүзеге асыру, жеке орындауға арналған тапсырмалар беру, формативті және жиынтық бағалау жүргізу, үлгерімді бақылау үшін ойын элементтерін енгізу және т.б. болды.

## Модерация

Модерация – критериалды бағалау жүйесіндегі маңызды элемент болып табылады, ол балл қоюды стандарттау мақсатында білім алушылардың жиынтық бағалау бойынша тоқсандағы жұмыстарын талқылау үдерісін білдіреді. Модерацияны сапалы түрде жүзеге асыру қойылған ұпайлардың үлкен объективтілігін, ашықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау аясында модерация жүргізу тәжірибесін зерделеу үшін педагогтерге келесі сұрақтар қойылды:

- *Сіздің мектебіңізде ТЖБ – ны өткізудің алдында және өткізгеннен кейін қандай іс-шаралар өткізіледі?*

- *Сіздің мектебіңізде тиімді модерацияны жүргізудің шарттары орындалды ма?*

Мұғалімдердің бірінші сұраққа жауаптарын талдау көрсеткендей, көптеген мұғалімдер (61%) ТЖБ-ны өткізер алдында әріптестер арасында тапсырмалардың оқу мақсаттарына сәйкестігі, тапсырмалар көлемі, тапсырмаларды орындауға арналған нұсқаулықтар, орындау уақыты және т. б. туралы талқылау өткізілетінін атап өтті.

Мұғалімдердің жартысы өз мектептерінде ТЖБ өткізгеннен кейін білім алушылар мен ата-аналарда даулы мәселелер туындаған кезде модерация жүргізілетінін айтты. Мұғалімдердің тек 7% - ы ғана ТЖБ өткізер алдында және одан кейін олардың мектептерінде ешқандай іс-шаралар өткізілмейтінін айтты (33-сурет).


32-сурет. Мұғалімдердің «Сіздің мектебіңізде ТЖБ - ны өткізудің алдында және өткізгеннен кейін қандай іс-шаралар өткізіледі?» сұрағына жауаптары / %



Екінші сұраққа жауаптардың нәтижелерін талдау көрсеткендей, **мұғалімдер модерация жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау бойынша өз мектептерінің талпыныстарын жоғары бағалайды.** Мысалы, мұғалімдердің көпшілігі өз мектептерінде ынтымақтастық мәдениеті (85%), ашық әрі шынайы коммуникация (82%), ұжымда кәсіби қолдау (81%) және әдістемелік бірлестік басшысының көмегі (80%) сақталғанын атап өтті.

Сындарлы кері байланыстың сақталуы туралы мұғалімдер азырақ атап өтті (78%). Сонымен қатар, респонденттердің 12% - ы өз мектептерінде модерация жүргізу үшін арнайы бөлінген уақыттың жоқтығы жайлы айтты, бұл модерация жүргізу жиілігін және жалпы бағалау жүйесін жетілдіру бойынша педагогтердің уәждемесін айтарлықтай төмендетуі мүмкін (34-сурет).

33-сурет. Мұғалімдердің «Сіздің мектебіңізде тиімді модерацияны жүргізудің келесі шарттары орындалды ма?» сұрағына жауаптары / %



Осылайша, нәтижелер көрсеткендей, мектептер модерацияны қолдайды және құптайды, бұл мектептердегі білім алушылардың бағалау сапасын жақсартуға деген ұмтылысын білдіреді. Алайда, модерация оны жүзеге асыру үшін белгілі бір уақыт ресурстарын қажет етеді. Осыған байланысты мектептерде ТЖБ жұмысы бойынша модерация жүргізу үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету маңызды (арнайы бөлінген уақыт, ресурстар).

### Біліктілікті арттыру

Біліктілікті арттыру – педагогтердің кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі. Оқу жетістіктерін бағалау бөлігінде біліктілікті арттыру әсіресе маңызды, өйткені ол оқу бағдарламасының мазмұнымен тығыз байланысты болады. Бұл ретте педагогтердің бағалау саласындағы құзыреттері теориялық және практикалық бағыттарда да жетілдірілуі тиіс.

Педагогтердің сауалнамасы барысында сұрақтардың бір бөлігі критериалды бағалау бойынша әдістемелік қолдауға мұғалімдердің ағымдағы қажеттіліктерін анықтау мақсатында біліктілікті арттыру тақырыбына арналды.

Атап айтқанда, қазақстандық педагогтер жетілдіруді қажет ететін білім салалары зерделенді. Осылайша, мұғалімдердің пікірінше, оқу бағдарламасының мақсаттарын сабақтың мақсаттарына айналдыру (36%), жиынтық бағалау үшін тапсырмалар жасау (31%) және жоғары дәрежелі дағдыларды өлшеу (30%), сондай-ақ, бағалау өлшемшарттары мен дескрипторларды әзірлеу (23%) бойынша ең үлкен әдістемелік көмек қажет екені анықталды.

Мұғалімдер сабақтың басында сұрақ / мәселе қою бағытына арналған курстар / әдістемелік материалдар бойынша ең аз қажеттілікті сезінеді. Педагогтердің 17% - ы өлшемшарттар негізінде бағалау бойынша әдістемелік қолдауды немесе біліктілікті арттыру курстарын қажет етпейтінін атап өтті (35-сурет).

*34-сурет. Мұғалімдердің «Сізге әдістемелік қолдау немесе критериалды бағалау бойынша біліктілікті арттыру курстары қажет пе? Егер қажет болса, қандай бағыттар бойынша?» сұрағына жауаптары / %*



